ЖАҢАРУ УАҚЫТЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тәуелсіздік жылдарында

ВРЕМЯ ВОЗРОЖДЕНИЯ

Северо-Казахстанская область в годы Независимости

Петропавл – 2011

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5Қаз.)
Ж

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады.
Посвящается 20-летию Независимости Республики Казахстан.

Редакция алқасы:
Серік Сұлтанғазыұлы Біләлов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі (төраға).
Ерлік Борисұлы Жанділдин, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасының бастығы.
Кәрібай Иманжанұлы Мұсырман, "Қызылжар – Ақпарат" КМК директоры – бас редакторы.
Николай Петрович Дроздецкий, облыстық "Северный Казахстан" газеті редакциясы саясат бөлімінің редакторы.

Ж
Жаңару уақыты. Солтүстік Қазақстан облысы Тәуелсіздік жылдарында.
Время возрождения. Северо-Казахстанская область в годы Независимости.
Құрастырған **Кәрібай Мұсырман.**- Петропавл. - 2011. - 296 б. - қазақша-орысша

ISBN 978-601-7029-44-9

Кітапқа белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, елімізге еңбегі сіңген айтулы азаматтардың, жергілікті билік органдарының және іргелі кәсіпорындардың басшыларының, Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматтары мен зиялы қауымы өкілдерінің Тәуелсіздік туралы ой-толғамдары, 20 жыл ішінде Қызылжар өңірінде жүзеге асырылған игілікті істер туралы мақалалары енгізілген.

Естеліктердің авторлары жас мемлекетіміздің қалыптасу кезеңінде солтүстікқазақстандықтардың елмен бірге бастан кешкен қиындықтары және Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастамашы болған түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жан-жақты қолдап, қажырлылықпен жүзеге асырудың арқасында қол жеткізген жетістіктері жайлы терең әңгіме қозғайды. Сондықтан да бұл кітап туған еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы шынайы шежіресін жазу ісіне лайықты үлес болып қосылады деп сенеміз.

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5Қаз.)

ISBN 978-601-7029-44-9

© Мұсырман К., 2011



«Болашаққа белгіленген орасан зор міндеттерді ұйыстырушы ұлттық стратегиясыз орындау мүмкін емес. Егер біз табысқа жеткіміз келсе, онда мына төрт қағидатты басшылыққа алуға міндеттіміз:

Біріншіден, біздің ең басты құндылығымыз – ол Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан!

Екіншіден, мемлекет және оның әрбір азаматы қай жерде де қоғамның тұрақтылығы мен елдің әл-ауқатына кері әсерін тигізуі мүмкін кез келген қадамға бармауы тиіс.

Үшіншіден, экономикалық өрлеу – әрқайсымызға қатысты бүкілхалықтық іс. Бұл – қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешудің және баршамызды табысқа бастаудың кілті.

Төртіншіден, өңірлік және әлемдік нарықпен интеграциялану – дамудың аса маңызды шарты».

Нұрсұлтан Назарбаев,
Қазақстан Республикасының Президенті

«Выполнить намеченные грандиозные задачи будущего без объединяющей национальной стратегии невозможно. Если мы хотим добиться успеха, то каждый из нас должен исходить из следующих принципов:

Первый – наша Родина, Независимый Казахстан – прежде всего!

Второй – государство и каждый гражданин отказывается от любых шагов, как внутри страны, так и за ее пределами, способных негативно отразиться на стабильности в обществе и на благосостоянии казахстанцев.

Третий – экономический подъем – дело каждого. Это – ключ к решению приоритетных социальных проблем, к благополучию всего общества и каждого казахстанца.

Четвертый – интеграция в региональный и мировой рынок - важнейшее условие развития».

Нурсултан Назарбаев,
Президент Республики Казахстан

ЕЛБАСЫҒА

Сыр ұқтық бұл ғажайып ұнасымнан:
Гүл бітіп жолыңызға, нұр шашылған.
Ұшақпен келіп қонған сәтіңізде
Аспанда бұлт ыдырап, күн ашылған!..

Сіз келіп, сая тауып, дала шудан,
Асыппыз сынын тосқан сан асудан.
Айбатты барыспенен Сіз баптаған
Аю да, айдаһар да санасуда.

Елім деп бүгін, міне, мақтана алам,
Еріме қуат берсін хақ тағалам!
Жерінде Қызылжардың қолдап жатсын,
Жан досын қасына алып жатқан бабаң!

Сіз сынды сүйген, сенген ұлы барда,
Халқымыз ұмтылады бүгін алға.
Жебесін аруақтар – Қожаберген,
Шоқан, Мағжан бастаған ұлылар да!

Тұрғанда Сіз ту еткен бірлік қолда,
Басқаны анық біздің тірлік оңға.
Нұр-аға, жасампазсыз жалғастырған
Ақ жолын Абылайдың нұрлы жолға!

Кәрібай Мұсырман.
(“Егемен Қазақстан”,
8 сәуір 2011 жыл)



МАҒЖАН РУХЫ АСҚАҚТАҒАН ӨҢІР



Серік БІЛӘЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Біз ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздікке қол жеткізу бақыты бұйырған ұрпақ өкілдеріміз. Ұлы Мағжан өзінің "Сағындым" атты өлеңінде көрегендікпен: "Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл", деп жазып кеткеніндей, кешегі алып империя – Кеңес Одағы өз-өзінен ыдырап, ұлттық республикаларға еркіндік тиген тарихи сәттердің зор қуанышын да, ескі экономикалық байланыстар үзіліп қалғандықтан, көптеген кәсіпорындар тығырыққа тіреліп, жаппай жұмыссыздық жайлаған, әлеуметтік жағдай ушығып, ел басына күн туған қилы заманның қиындықтарын да басымыздан кешірдік. Сол бір өтпелі кезеңнің күрделі сынынан халқымыздың бағына біткен кемеңгер ұлы, Тұңғыш Президентіміз, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың дана саясатының арқасында аман-есен және үлкен абыроймен өтіп, дүниежүзі түгел танып-мойындаған табысты елге айналдық.

Биылғы мерекелі жылғы "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" Жолдауында Мемлекет басшысы: "Биыл – біз үшін ерекше қастерлі жыл. Біз ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына қадам бастық. Бодан жұртты бүгінгідей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық.

Естеріңізде болар, 1997 жылғы халыққа алғашқы Жолдауымда мен былай деген едім: "2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады".

Осы сөздерге кезінде күмән келтіргендер аз болған жоқ. Дегенмен, діттеген межеге біз 33 жылда емес, бір мүшел жастың өзінде жеттік!" деп атап айтты.

Нұрсұлтан Әбішұлының осы сөздерінің ақиқаттығына бүгінгі өмір шындығы, еліміздің Тәуелсіздік жылдарындағы зор жетістіктері арқылы барша халқымыз кәміл көз жеткізіп отыр. Сондықтан да қазақстандықтар үстіміздегі жылы болған кезектен тыс президенттік сайлауда жарқын болашақтың іргесін Елбасымен бірге қалауды жақтап дауыс беріп, Тұңғыш Президентімізге тағы да зор сенім білдірді.

"Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел?!" деп, ұлы Абай айтқандай, еліміздің тарихи тұрғыдан алғанда қас қағым сәт болып саналатын 20 жылда қол жеткізген толымды табыстарының бәрі де Нұрсұлтан Назарбаев сынды кемел басшымыздың кемеңгерлік саясатының нәтижесі екендігі даусыз.

Аға ұрпаққа және бізге – орта буын өкілдеріне Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің әлі азаттық алмаған, коммунистік жүйеге бағынышты кезінің өзінде-ақ Кеңес Одағына кеңінен танымал саяси қайраткер ретінде ерекшеленгені жақсы мәлім. Ал Кеңес Одағы күйреп, бұрынғы одақтас республикалар өздерінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған уақытта Қазақстанның бірінші басшысы болып Нұрсұлтан Назарбаевтың қалуы еліміздің көпэтносты халқының өзін ежелден

ынтымақ-бірлікке шақырып келе жатқан танымал көшбасшысының төңірегіне мықтап топтасуына ұйытқы болған аса маңызды фактор болғандығы күмәнсіз. Бұрынғы Одақтан бөлініп шыққан көптеген елдерде күтпеген жерден бұрқ ете түскен, қантөгісті ұлтаралық жанжалдар мен азаматтық қақтығыстардан біздің Қазақстанымыздың аман болуының негізгі себебі де осы екендігі айқын. "Береке басы – бірлікте" деген халық даналығын сан мәрте есімізге салып, еліміздегі тыныштықты көздің қарашығындай сақтауға шақырған Тұңғыш Президентіміздің көп ұзамай Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудағы басты мақсаты да қоғамдық тұрақтылықты сақтау еді.

"Алдымен – экономика, сосын – саясат" деген берік ұстанымынан еш ауытқымай, ең әуелі, экономикалық реформаларды жүзеге асырып, өркениетті елдердің барлығы өткен нарықтық қатынастарға кең жол ашып, халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік мәселелерді шешуге баса мән берген, сонымен қатар қоғамымызды біртіндеп демократияландыру шараларын да дәйектілікпен жүзеге асырып келе жатқан Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігін арада өткен уақыт айғақтап берді. Қазіргі алмағайып заманда төңірегіміздегі елдерде болып жатқан келеңсіз оқиғалар да Елбасымыз таңдаған қазақстандық жолдың бірден-бір дұрыс жол екендігіне кімнің болсын көзін жеткізе түскендей.

Кең-байтақ қазақ даласына ажал уын шашқан Семей полигонын біржола жауып, әлемдік ядролық қауіпсіздікке зор үлес қосып, теңдессіз өнеге көрсеткен, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Астанадағы алғашқы съездерінің бастамашысы атанған, халықтың әл-ауқатын ұдайы арттырып, демократиялық өзгерістер бағытынан таймай келе жатқан жас мемлекетіміздің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында алғаш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) төрағалығына сайланып, оның Саммитін Астанада жоғары деңгейде өткізуі, Қазақстанның биыл VII қысқы Азия ойындарын тамаша ұйымдастыруымен қатар, осы байрақты бәсекенің жеңімпазы танылуы – бәрі де, ең алдымен, Елбасымыздың дана саясатының жемісі екендігі талассыз. Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-та өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит мінберінен сөз сөйлеп, "Шығыс-Батыс" институтының Бейбітшілік және алдын алу дипломатиясы сыйлығымен марапатталуы да Елбасымызбен бірге еліміздің де мерейін тасытқан тарихи оқиға болды. Президентіміздің 2010 жылы көршілес, туыстас Қырғызстандағы адамдар қаны төгілген мемлекеттік төңкерістің аяғы азамат соғысына ұласып кетпеуі үшін тікелей келіссөздер жүргізіп, туыстас елдің басына төнген қауіптің алдын ала білгендігі де ЕҚЫҰ-ны басқарған Қазақстанымыз үшін үлкен абырой болды. Елбасымызға осы ара ағайындық көмегі үшін шексіз алғыстарын жолдаған қырғыз халқы өкілдерінің арасында Қызылжар өңіріне қоныс аударып, бейбіт те берекелі тірлік кешіп жатқан бауырлас ағайындардың "Манас – Петропавл" қырғыз мәдени орталығының басшылары да бар еді.

Елбасымыздың келешекті болжай білетін көрегендігіне кейінгі әлемдік қаржы дағдарысы тұсында тағы да тәнті болдық. Президентіміз 2001 жылы Ұлттық қорды құрмақ ниетін ортаға салғанда еліміздегі кейбір оппозициялық партиялардың өкілдері: "Мұнай мен шикізатты сатудан түскен табысты Қазақстандағы әр отбасыға тең мөлшерде бөліп беру керек", деп ашық қарсылық білдіргені әлі есімізде. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы халық алдында, әсіресе, еліміздегі Президент және Парламент сайлаулары қарсаңында саяси ұпай жинауды мақсат тұтқан сынампаздардың сыңаржақ пікіріне салмақты уәж келтіріп: "Алдымызда әлі талай сын кезеңдер болады. Бұл қаржы сондай қилы заманда еліміздің экономикасын қиындықтардан құтқарып, халқымыздың жағдайын жақсартуға, Тәуелсіздігімізді сақтап қалуға жұмсалуға тиісті", деп кесіп айтқан еді. Кімнің кім екеніне көзі әбден жеткен ел-жұртымыз Елбасыға деген ерекше сеніміне ешқашан селкеу түсірмей, әрдайым Тұңғыш Президентімізге және Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық ететін "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясына барынша қолдау білдіріп келеді. Ал ең басты төреші – уақыт десек, ол Елбасы ұстанымының дұрыстығына еш күмән қалдырмай, толық дәлелдеп берді. Ұлттық қордан бөлінген мол қаржының арқасында ғана әлемдік қаржы дағдарысынан зардап шеккен еліміздің банк жүйесіндегі жағдай түзеліп, тоқтап қалған тұрғын


ҚЫЗЫ


ЛЖАР




БІЗ ЕЛБАСЫҒА
ДАУЫС БЕРЕМІЗ!
МЫ ГОЛОСУЕМ
ЗА ЛИДЕРА!




Жасасын Қазақстан
Елбасы бастаған!


ШТАБЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Н.А. НАЗАРБАЕВА
МЫ ГОЛОСУЕМ ЗА ЛИДЕРА!
БІЗ ЕЛБАСЫҒА ДАУЫС БЕРЕМІЗ!


00000001
27
ОСТРОЕН 1220


70т 78 м3
КР
ДР

үйлердің құрылысына қайтадан жан бітіп, мыңдаған үлескерлердің мұқтаждықтары шешілді, ауыл шаруашылығына қуатты қолдау көрсетілді, "Жол картасы" бағдарламасы бойынша ауылдар мен қалалардағы көптеген әлеуметтік нысандар жаңартылып, жолдар жөнделді. Дүниежүзін дүрліктірген дағдарысқа еш сыр бермеген еліміз одан әрі жаңару және индустриялық-инновациялық даму жолына түсті.

Халқымыз "Елу жылда ел – жаңа" дегенмен, заманалар алмасқан зор өзгерістерге толы, ғасырға пара-пар 20 жыл ішінде Елбасымыздың дана басшылығы арқасында жаңа да жасампаз мемлекетке айналған кең-байтақ еліміздің бірге біздің туған өніріміз – Солтүстік Қазақстан облысы да жылдан-жылға жаңарып, көркею үстінде. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларын облыс жұртшылығы аса зор ынтаықыласпен, ертеңгі күнге деген нық сенімімен қабыл алып, Президентіміз белгілеген жаңа міндеттерді орындауға бір кісідей жұмыла атсалысып келеді. Қуатты мемлекеттік қолдаудың, бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарған ынтымақ-бірліктің арқасында өңір экономикасын өркендетіп, әлеуметтік-мәдени саланы дамытуда елеулі жетістіктерге ие болдық.

Облысымыз кейінгі жылдары ең астықты өңір атанып, республика бойынша жиналатын дәнді дақылдар өнімінің 25 пайыздан астамын өндіруді дәстүрге айналдырды. Тоқсаныншы жылдардағы экономикалық құлдырау кезінде иесіз қалып, жусан басып кеткен мыңдаған гектар егістік алқаптар жаңа да жанашыр қожайындарын тауып, қайтадан айналымға енгізілді. Тәуелсіздік жылдары дәнді дақылдар алқабы 19 пайыздан астамға ұлғайтылып, 3,9 миллион гектарға дейін жеткізілді. Көктемгі жер өңдеу, тұқым себуден бастап өскіндерге күтім жасау, егін жинау жұмыстары, негізінен, өнімділігі жоғары әрі ысырапқа жол бермейтін жаңа техникалардың көмегімен сапалы атқарылады. Кейінгі бес жыл ішінде 6,5 мың бірліктен астам жаңа техника сатып алынды. Баяғыдай емес, орақ науқанына сырттан ешқандай көмек шақыртылмай, егін ору, астық тасу сияқты қауырт шаруалардың бәрі облыстың өз күшімен тындырылады. Егіншілік мәдениетін арттырудың арқасында солтүстікқазақстандық диқандар 2009 жылы рекордтық көрсеткішке қол жеткізді – дәнді дақылдардан гектар басы 16,6 центнерден өнім алып, 6,4 миллион тоннадан астам астық жинады. Ал былтырғы қуаңшылықты жылдың өзінде егін шығымдылығы гектарына 10,5 центнерден айналып, 4,1 миллион тонна өнім алынды. Бұл республика бойынша жиналған астықтың 31 пайызын құрады. 1,5 миллион тоннаға жуық сапалы астық экспортқа шығарылды. Диқандарымыз биылғы мерекелі жылы берекелі өнім алуға күш салу үстінде. Нарық талабына сәйкес майлы дақылдар егістігі көлемі де ұлғайтылуда.

Өңірімізде егіншілікпен қатар мал шаруашылығын өркендетуге, оның өнімдерін ұқсату ісін дамытуға да тиісінше назар аударылып келеді. Соңғы онжылдықта мал басы мен құс саны едәуір өсті. Облысымыз жан басына шаққанда сүт пен жұмыртқа өндіруден республика бойынша бірінші орынды, ал ет өндіруден екінші орынды еншіледі. Осы маңызды саланы одан әрі өркендетуде үстіміздегі жылы үлкен бетбұрыс басталды. Өйткені, Президентіміздің биылғы "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" Жолдауында: "Агралық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады. 2016 жылдың өзінде ет экспорты 60 мың тоннаға жетеді, мұның құны 4 миллион тонна бидай экспортына тең. Мемлекет бұл мақсатқа 130 миллиард теңгелік несие ресурстарын бөледі. Бұл ауылдық жерлерде 20 мыңнан астам жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, жүз мыңнан астам ауыл тұрғындарының кіріс көзіне айналады", деп атап көрсетіліп, айқын да биік міндет қойылды. Оны ойдағыдай орындау мақсатымен біздің облыста да етті мал шаруашылығын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы жасалды. Соған сәйкес 10 мың бас мал бордақылау алаңдары, 4 мың бас репродукторшаруашылықтар және 12100 бас мал өсіретін фермерлік шаруашылықтар құру қолға алынды. Осылайша ата кәсібімізді бұрынғыдан да қарқынды дамытатын кез туды.

Бұл орайда өңірімізде кейінгі жылдары жинақталған, назар аударарлықтай оң тәжірибелер бар. Қызылжар ауданындағы Қазақстанның Еңбек Ері Геннадий Зенченко

басқаратын "Зенченко және К" коммандиттік серіктестігінде қанатқақты жоба жүзеге асырылып, Канададан әкелінген 800 бас сиырға арналған сүт кешені іске қосылды. Мұндағы әр сауын сиырдан жылына 7 мың литрдей сүт сауылады. Бұл кешенді Қызылжарға жұмыс сапары барысында Елбасы аралап көріп: "Бұл – болашақтың кешені" деп атап, тың бастаманың табысты іске асырылғанына ризашылығын білдірген болатын. Осыған ұқсас, 1000 басқа арналған озық сүт кешенін Тайынша ауданындағы "Тайынша-Астық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) де салып, іске қосты. Жаңадан салынған "Баско" ЖШС-нің 50 бас шошқа кешені мен Петропавл бройлер фабрикасы да азық-түлік молшылығын жасауға өз үлестерін қосуда.

Мал өсіргісі келетін ауыл тұрғындарына алдағы уақытта барынша жағдай туғызылатын болады. Осы ретте Елбасымыздың ел тарихындағы аласапыран замандарда дүниежүзіне тарыдай шашылып кеткен отандастарымызды Қазақстанға қайтып оралуға шақырған үндеуіне үн қосып, Тәуелсіздік жылдары атамекенге қоныс аударып, өңіріміздегі төрт түлік мал басын көбейтуге аянбай атсалысып жүрген айыртаулық Жаңабай Пірманов, ақжарлық Төлеу Ахмутдинов сынды іскер азаматтар өнегесі өзгелерге ой салса игі.

Бұрынғы Кеңес Одағының қорғаныс өнеркәсібінің Петропавл қаласында орналасқан ірі зауыттары тоқсаныншы жылдардың басында тапсырыс күрт азайтылғандықтан, мыңдаған еңбеккерлері қысқартуға ілігіп, жабылуға шақ қалған еді. "Орнында бар оңалар" демекші, Тәуелсіздік жылдары олардың да жағдайлары түзелді. Жас мемлекетіміздің жан-жақты қолдауымен қарудың орнына бейбіт өнімдер шығаруға қайта бейімделген бұл кәсіпорындар өз өндірістерін жылдан-жылға кеңейтіп, айтарлықтай табыстарға жетуде. Соңғы он жылда облысымыз бойынша өнеркәсіп өнімдерін шығару көлемі 46,7 пайызға ұлғайтылғандығы – осының айғағы.

Жергілікті кәсіпорындар арасында, әсіресе, "ЗИКСТО" акционерлік қоғамы (АҚ) жаңашылдық танытып, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы үшін 2008 жылы алғаш рет 30 жүк вагонын жасап шығарды. Осы жөніндегі тапсырыс көлемі былтыр 600 вагонға дейін ұлғайтылып, ол абыроймен атқарылды. Ал "Киров атындағы зауыт" АҚ шетелдік серіктестерімен бірлесіп, сандық теледидар жабдықтарын жасауға кірісті. Тайынша ауданында 2010 жылы құрылған Қазақстан-Беларусь бірлескен кәсіпорыны – "СП КазБелАгроМаш" ЖШС бұрынғы машина-трактор жөндеу зауытының ғимаратын пайдаланып, жаңадан "Қызылжар – 1300" комбайндарын шығара бастады. Осы комбайнның алғашқы шығарылған үлгілерін Қызылжар өңіріне қызмет бабындағы сапармен келген Елбасы көріп, мақұлдап, оған "Қызылжар" атауын беруді ұсынған болатын.

Кейінгі жылдары Елбасымыздың тікелей тапсырмасына сәйкес мемлекеттік тапсырыстарды орындауда қазақстандық үлесті көбейтуге бағытталған ұтымды шаралар отандық өндірістерімізді дамытуға оңтайлы мүмкіндік туғызғанын жергілікті кәсіпорындардың басшыларының бәрі де сүйінішпен айтады. Өңіріміздің өнеркәсіп саласының одан әрі өркендеуіне Президентіміз былтыр жариялаған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бесжылдығы үлкен ықпалын тигізетініне сеніміміз зор. Қазақстанның Индустрияландыру картасына біздің облыс бойынша жалпы сомасы 27 миллиард теңгені құрайтын 13 инвестициялық жоба енгізілді. Былтырғы жылы өңірімізде 13,8 миллиард теңге сомасындағы 10 жоба жүзеге асырылып, 631 жұмыс орны құрылды.

Машина жасау саласы кәсіпорындарының ішінде жаңашылдығымен танылған "ЗИКСТО" АҚ индустриялық дамудың жаңа бағытын игеруге де батыл қадам жасады. Бұл зауыт былтыр еліміздегі мол сұранысты ескере отырып, астық тасымалдайтын жабық вагон-хопперлер мен контейнертасығыштарды шығаруға кірісті.

Облыс орталығында, сондай-ақ, құрылыс индустриясының бұрын-соңды болмаған жаңа өндірісі – "Құрғақ көбікбетон қоспалары зауыты" ЖШС жұмыс істей бастады.

Қызылжар өңірінің жерасты байлығын да ел игілігіне жарату ісі де нақтылы қолға алынды. "Тиолайн" ЖШС Тайынша ауданында көптен сөз болып жүрген титан-цирконий кенін өңдейтін тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісті іске қосты. Ақжар ауданында "Шунгит" ЖШС жоғарыөнімді шведтік қондырғылармен жабдықталған текше







тәріздес қиыршықтас өндірісін жолға қойды. Осы аудандағы Айсары кварц құмы кен орнын "Ақтөбе Glass" ЖШС-нің кен-байыту комбинаты игеру үстінде.

Агроөнеркәсіп кешенінде де озық жобалар жүзеге асырылуда. Тайынша ауданында "Юннивилл" ЖШС жылына 9 мың тонна ет өнімдерін шығаратын осызаманғы ет өңдеу комбинатының құрылысын былтыр аяқтап, пайдалануға берді. Мұнда 54 түрлі өнім шығаруға сертификаттар алынды.

Аққайың ауданындағы "Леонов" шаруа қожалығы 320 бас сауын сиырға арналған сүт кешенін салып, іске қосты. Ол Украинада шығарылған "Ёлочка" деп аталатын осызаманғы автоматты сауу жүйесімен жабдықталған.

Айыртау және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандардың төрт шаруашылығында "Қазагро" Ұлттық басқарушы холдингінің қатысуымен қуаты 60 мың тонналық астық қоймалары кешені бой көтерді. Оларда АҚШ-тың әйгілі "Scafo" фирмасының құрал-жабдықтары орнатылған. Мұндай қоймалар дәнді және майлы дақылдар өнімдерін сапалы күйінде сақтап, экспортқа көбірек шығаруға мүмкіндік береді. Ақжар ауданында "Еңбек Нан" ЖШС орнатқан канадалық "Agrites" фирмасының әмбебап элеватор жабдықтары да астықты халықаралық стандарттарға сай сақтауға жәрдемін тигізеді.

Үстіміздегі жылы жалпы сомасы 13 миллиард теңгенің 3 жобасын жүзеге асыру жалғастырылуда. Олардың ішінде, әсіресе, Айыртау ауданындағы Сырымбет кен орнын игерудің келешегі зор. "Сырымбет" АҚ мұнда биыл жылына 6050 тонна қалайы өндіретін кен-байыту кешенінің құрылысын бастайды.

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданда Новоишим май өңдеу зауытын қайта құру жобасы іске асырылуда. Оған қажетті осызаманғы жабдықтарды жеткізуші неміс компаниясы жүргізіп жатқан жаңарту жұмысының былтырғы бірінші кезеңінің нәтижесінде кәсіпорын жылына 46,2 мың тонна өсімдік майын және 85,8 мың тонна күнжара майын шығару мүмкіндігіне ие болды. Зауыт қуаты алдағы уақыта қазіргіден де еселеп арттырылып, 2013 жылы 115,5 мың тонна өсімдік майын, 214,5 мың тонна күнжара майын өндіретін болады.

Облыс орталығы тұрғындарын көкөніспен жеткілікті қамтамасыз ету мақсатында Петропавл қаласында "Наурыз – 2030" ЖШС-нің жылыжай кешені жаңартылу үстінде. Өткен жылы осында көкөніс дақылдарының көлемін екі есе ұлғайтып, тамшылатып суару технологиясын енгізудің арқасында 1738,8 тонна қырыққабат, сәбіз, қияр, қызанақ, картоп өнімдері жиналды. Жоба толық жүзеге асырылғанда мұнда жылына 3,4 мың тонна көкөніс пен 1 мың тонна картоп өндіріліп, қалалықтар дастарқанына қолжетімді бағамен жөнелтілетін болады.

Өңірімізде Тәуелсіздік мерекесі жылы тағы бірқатар жаңа кәсіпорындар құрылысы аяқталып, пайдалануға берілмекші. Қызылжар ауданында органикалық-минералды тыңайтқыштар өндіретін "Биоплант Флора" зауыты, Петропавл қаласында газ баллондарын жасайтын зауыт, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданда шөлмекке құйылған ауыз су шығаратын цех, Есіл ауданында макарон кешені, Аққайың және Жамбыл аудандарында жаңа элеваторлар іске қосылып, жаңадан жүздеген жұмыс орындары ашылды.

Елбасымыздың шағын және орта бизнесті өркендетуге ұдайы назар аударып, жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде облысымызда жеке кәсіпкерлер қатары қалыңдай түсуде. Өңір экономикасының нақты секторындағы шағын кәсіпорындар саны 1999 жылғыға қарағанда 10,3 пайызға көбейді. Оларда қазір 32 мың адам жемісті еңбек етіп, өз отбасыларын асырап жүр, бұл көрсеткіш те он жыл ішінде екі еседей ұлғайтылды. Ал шағын кәсіпорындар шығарған өнім мен көрсеткен қызмет көлемі осы кезеңде 12 есеге өсіп, былтырғы жылы 85 миллиард теңгеден асты.

Облыс экономикасының табысты дамуына инвестициялық қызметтің айтарлықтай жандануы игі әсерін тигізіп отыр. Өткен жылы негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі 53 миллиард 315 миллион теңгені құрады, бұл көрсеткіш 1999 жылғымен салыстырғанда 11 есе көп. Ал 2002-2010 жылдарға арналған ұзақмерзімді "Ауыз су" салалық бағдарламасын орындау үшін ел қазынасынан 15 миллиард теңге, жергілікті бюджеттен 2,5 миллиард теңге қаржы бөлінді. Бұл игілікті іске Азиялық даму банкі 1,5 милиард теңге және облысымыздың шаруашылық жүргізуші субъектілері 96 миллион теңге қаржы қосты. Нәтижесінде Қызылжар

өңіріндегі жалпы саны 111 мыңнан астам адам тұратын 145 елді мекенге таза ауызсу берілді және 194 мың тұрғыны бар 122 елді мекенді сумен қамтамасыз ету жақсартылды. Елбасының биылғы Жолдауына сәйкес "Ақбұлақ" бағдарламасы бойынша Қызылжар өңіріндегі әлі де мұқтаждық көріп отырған ауылдардың тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету ісі одан әрі жалғастырылатын болады. Сол үшін үстіміздегі жылы республикалық бюджеттен 4 миллиард 200 миллион теңге, жергілікті бюджеттен 354,8 миллион теңге қаржы бөлінді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық қиыншылықтардың салдарынан өңіріміздегі тұрғын үй құрылысы құлдырап кеткен болса, 2003 жылдан бастап бұл салада да қайта өрлеу басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2005 жылдан бастап жүзеге асырылған тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының нәтижесінде ондаған жылдар бойы пәтер кезегінде тұрған мыңдаған адам баспана мәселесін шешіп, қуанышқа бөленді. Өткен жылы ғана облысымызда қаржыландырудың барлық көздері бойынша жалпы алаңы 104 мың шаршы метрді құрайтын 1059 пәтер салынып, пайдалануға берілді. Бұл 2000 жылғымен салыстырғанда 7 еседей көп.

Елбасымыз еліміздің солтүстік өңіріндегі саяси тұрақтылықты нығайту, демографиялық жағдайды жақсарту, мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын кеңейту, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді өркендету мәселелеріне де ерекше көңіл бөліп келе жатқаны белгілі. 1997 жылы республика Президентінің Жарлығымен Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының біріктірілуі осы игі мақсаттан туындаған түбегейлі шешім болғандығы бүгінде еш талас тудырмайды. Соның нәтижесінде облыс халқының ұлттық құрамындағы қазақтардың үлесі едәуір көбейіп, бүгінде отыз үш пайыздан асты. Мұның өзі төл мәдениетіміз бен өнеріміздің, ана тіліміздің, ата салт-дәстүрлеріміздің өрісін әлдеқайда кеңейтіп, елдік рухымызды көтеруге қолайлы жағдай туғызды. Әсіресе, Петропавл қаласына Көкшетаудан ұлттық кадрлардың үлкен бір тобы қызмет бабымен көшіп келуі, олардың жауапты лауазымдарға орналастырылуы облыс орталығындағы қоғамдық-саяси ахуалға оң әсерін тигізіп, жаңа леп берді.

Сол, 1997 жылы Петропавлда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскері Жоғары әскери училищесінің ашылуы Елбасымыздың тәуелсіз еліміздің іргесін бекіту, қоғамдық тәртіпті нығайту мақсатын көздеген кемел шешімі еді. Еліміздің ішкі әскері үшін жоғары білімді офицер кадрларын даярлайтын бірден-бір әскери оқу орнына Жауынгерлік туды республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы, ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз қолымен салтанатты жағдайда тапсырған болатын.

Елбасымыздың Қызылжар өңірінің тарихында тұңғыш рет облыстың бірінші басшыларын жергілікті ұлттан тағайындай бастағандығы да кеңес билігі кезінде қордаланып қалған, көкейкесті мәселелерді жеделдете шешуге жәрдемін тигізді. Айталық, Петропавлда еліміз Тәуелсіздік алғанға дейін жалғыз-ақ қазақ мектеп-интернаты жұмыс істеген болса, қазір балаларды ана тілімізде оқытатын орта білім мекемелерінің саны алтыға жетті. Олардың екеуі – 360 орындық классикалық гимназия мен 1100 орындық мектеп-гимназия Тәуелсіздік жылдары салынып, пайдалануға берілген сәулетті ғимараттарға орналасқан. Облыс орталығында 2006 жылы ашылған, дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернатының шәкірттері де мемлекеттік тілді меңгерумен қатар, орыс, ағылшын, түрік тілдерін де үйрену үстінде. Бұған қоса, 2008 жылдан бастап қаладағы бос орындар бар орыс мектептерінің жанынан қазақ сыныптары мен шағын орталықтарды жаппай ашқыза бастадық.

Кеңес өкіметі тұсындағы солақай саясаттың салдарынан облысымыздағы 94 қазақ ауылында жабылып тынып, орыс тілінде оқытуға көшірілген қазақ мектептері Тәуелсіздік жылдарында түгелдей қалпына келтірілді. Қазақ мектептері бұрын ешқашан болмаған аудан орталықтарының барлығында да ана тілімізде оқытатын орта білім беру мекемелері ашылды. Тимирязев, Мамлют, Жамбыл, Қызылжар аудандарында сәулетті де қазіргі заман талаптарына толық сәйкес жабдықталған жаңа қазақ мектептері мен мектеп-интернаттары салынды. Мемлекеттік тілге осындай ауқымды бетбұрыстың нәтижесінде қазіргі

таңда облыстағы қазақ балаларының 62 пайызы өз ана тілдерінде білім алып жүр. Ал бұдан жиырма жыл бұрын бұл көрсеткіш небары 25 пайызды құраған еді.

Тұтастай алғанда, өңіріміздің білім саласы 20 жыл ішінде айтарлықтай жетістіктерге ие болды. Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша солтүстікқазақстандық оқушылар әрдайым республика бойынша алдыңғы орындарды еншілеуде. Бүгінде облыс мектептерінде жаңа үлгідегі 805 кабинет, 548 интерактивті тақта орнатылған. Жалпы білім беру мекемелерінің барлығы жаһандық Интернет желісіне қосылған, ал 203 мектеп оған жаңа технология бойынша кең жолақ арқылы кіру мүмкіндігіне ие.

Жеткіншек ұрпаққа сапалы білім берумен бірге олардың денсаулығын нығайтуға жете көңіл бөлінуде. Мектептерде ыстық тамақ ұйымдастырылып, аз қамтамасыз етілген отбасылардың оқушы балалары тегін тамақтандырылады. Бұған қоса, облысымызда соңғы жылдары бүлдіршіндер үшін қосымша "Мектеп сүті", "Мектеп балы" жобаларын жүзеге асырып келеміз.

Облыстың денсаулық сақтау саласында да Тәуелсіздік жылдары өміршең өзгерістер болды. Елбасы бекіткен "100 мектеп, 100 аурухана" жобасы аясында Петропавл қаласында 2009 жылы осызаманғы Қан орталығы, 2010 жылы ауысымына 500 науқасты қабылдайтын жаңа емхана құрылысы аяқталып, тұрғындарға қызмет көрсете бастады. 2007 жылы Ақжар ауданының орталығы Талшық ауылында күніне 200 адамды қабылдайтын емханасы және 100 төсек-орыны бар, замануи құрал-жабдықтар орнатылған орталық аурухана тұрғындар игілігіне берілді. 2009 жылы облыс орталығындағы №2 ауруханаңың жанынан кардиологиялық орталық ашылып, онда жергілікті дәрігерлер жүрекке ашық ота жасау ісін қолға алды. 20 жыл ішінде Петропавл қаласы мен аудандарда тағы басқа бірқатар емдеу-алдын алу мекемелері салынып, іске қосылды.

2003 жылдан бері өзара ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Түмен облысының кардиолог-дәрігерлері Петропавлға келіп, Солтүстік Қазақстан облысының туа біткен жүрек ауруларына шалдыққан сәбилеріне ота жасап келеді. Қымбат тұратын отаның құны облыстық бюджеттен бөлінген қыруар қаржы есебінен төленеді. Осылайша сегіз жыл ішінде 464 баланы ажалдан арашалап қалған түмендік хирургтердің жетекшісі, Түмен облыстық клиникалық ауруханасының бөлімше меңгерушісі, профессор Кирилл Горбатиков халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген елеулі еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен "Шапағат" медалімен марапатталды.

Үстіміздегі жылы облысымызда балаларға арналған кардиологиялық бөлімше ашу жоспарланып отыр. Онда қызметке орналасатын дәрігерлер шекаралас екі өңір арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге сәйкес Түмен облыстық клиникалық ауруханасында тағылымдамадан өтетін болады.

Өткен жылы Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін енгізу аясында 12 орталық аудандық ауруханаңы облыстық ауруханамен байланыстыратын телемедицина желісі іске қосылды. Былтыр Тайынша орталық аудандық ауруханасы негізінде еліміздің орталық аудандық ауруханалары бас дәрігерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық оқу-методикалық орталықтың ашылуы да өңіріміздің денсаулық сақтау саласында өнеге тұтарлықтай өзгерістер аз еместігін көрсетеді.

Өңірімізде денсаулық сақтау саласы мамандарының жетіспеушілігі мәселесін шешу мақсатымен еліміздің жоғары медициналық оқу орындарымен тығыз байланыс орнатылып, олардың түлектерімен келісімшарттар жасалуда. Шақырумен келген дәрігерлердің бәріне көтермеақы төлеу, баспанамен қамтамасыз ету жолға қойылды. Соның нәтижесінде былтырғы жылы ғана облысымызға 68 жас маман келіп, жергілікті емдеу мекемелеріне жұмысқа орналасты. Петропавлда өткен жылы медицина кадрлары үшін 80 пәтерлі "Дәрігерлер үйі" салынып, пәтер кезегінде тұрған ақ халатты абзал жандар қоныстойын атап өтті.

Мәдениет саласында да көңіл толарлықтай ілгерілеушілік бар. 2000 жылы құрылған Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры бір кезде кенже қалған ұлттық өнерімізді жаңа биікке көтеріп, ана тіліміз бен ділімізді, асыл адамгершілік құндылықтарымызды дәріптейтін қарашаңырағымызға айналды. Бұл өнер ордасының

салтанатты ашылу рәсіміне ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына арнайы келген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, көк лентасын қиғанын театр ұжымы орынды мақтаныш тұтады.

Қызылжардың ескі де тар мешітіне діни мейрамдарда сыймай кететін жергілікті мұсылман қауымының көптен бергі мұқтажы – жаңа ғибадатхананың салынуына Нұрсұлтан Әбішұлы тікелей жәрдем беріп, діндар жамағаттың жүрекжарды алғысына бөленгенін де айта кеткен жөн. Осыдан алты жылдай бұрын қаламыздың қақ ортасында бой көтерген, көк күмбезі күнге шағылысқан кең де сәулетті орталық мешітіміз бүгінде төңірекке иман нұрын шашып тұр. Оның маңдайшасында: "Қызылжар орталық мешіті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев және Сауд Арабиясы Корольдігінің тақ мұрагері ханзада Сұлтан бен Абдель Азиз бөлген қаражатқа салынды. Қараша. 2005 жыл" деген жазу бар. Осы мешіт пен қаланың шетіндегі ықшамауданда салынған жаңа православие шіркеуі бір күнде ашылғандығы конфессияаралық татулықтың алтын бесігіне айналған туған еліміздің рухани өміріндегі ұмытылмас оқиғалардың бірі болғаны сөзсіз. Былтыр сол игі дәстүрді жалғастыра отырып, облыс орталығындағы діндарлардың өтінішіне орай тағы екі ғибадатхананың – жаңа мешіт пен православие шіркеуінің іргетасын бір күнде қаладық.

2008 жылғы 21 тамызда Петропавлда тәуелсіз еліміздің тарихындағы айтулы мәдени оқиға болды. Осы күні Президентіміз облысымызға қызмет бабындағы сапармен келіп, өзінің тікелей тапсырмасымен республикалық "Мәдени мұра" бағдарламасы бойынша қыруар қаржы бөлгізіп, қалпына келтірткен "Абылайдың ақ үйі" мұражай кешенін ашып, жиналған жұртшылық алдында тебірене сөз сөйледі. "Біз бүгінде өз Тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген батырларымыз бен тарихта аты қалған тұлғаларға арнап ескерткіштер салып келеміз. Солардың ішіндегі бірегейі, әрине, Абылай хан резиденциясы екені даусыз. Қызылжардың тамаша жерінде орналасқан мұражай кешені тұрғындардың көзайымына айналары сөзсіз", деді Елбасымыз.

Қазір Абылайдың ақ үйі тек солтүстік-қазақстандықтардың ғана емес, республикамыздың барлық аймақтарынан, сондай-ақ таяу және алыс шетелдерден ағылып келіп жататын қадірлі қонақтар да іздеп барып, тағзым ететін киелі орынға айналды.

Тәуелсіздік жылдары кеңес өкіметі тұсындағы саяси қуғын-сүргін құрбаны болған аса көрнекті ақын жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың есімін мәңгі есте қалдыру, артында қалған бай мұрасын кеңінен насихаттау шаралары жүзеге асырылды. "Жыр пайғамбары" атанған бабамыздың 100 жылдық мерейтойы 1993 жылы республикалық деңгейде мерекеленіп, Петропавл қаласы мен ұлы ақынның туған жері – Сарытомар ауылында ескерткіштер орнатылды. Кейін бұрынғы Булаев ауданына Мағжан Жұмабаев есімі беріліп, осы аудан орталығы – Булаево қаласында да ақынға ескерткіш қойылды. Облыс орталығының бір кең көшесі де ұлы бабамыздың атында. Ақынның 115 жылдық мерейтойын 2008 жылы облыстық деңгейде атап өтіп, Сарытомардағы мұражайын жаңарттық, өлеңдер жинағын және "Батыр Баян" поэмасын жеке кітап етіп шығардық. Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры белгілі жазушы Баянғали Әлімжановтың Мағжанның "Батыр Баян" поэмасының желісімен жазған пьесасын сахналады, ал Н.Погодин атындағы орыс драма театрының ұжымы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Виктор Шалаевтың "Суд Магжана" сахналық қойылымын көрермендер назарына ұсынды.

Ұлы Мағжанмен қатар, Қожаберген жырау, Батыр Баян, Шал ақын, Тоқсан би, Шоқан Уәлиханов, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Иван Шухов, Жәлел Қизатов, Евней Букетов, Мұрат Айтқожин, Есләм Зікібаев, Аяған Шәжімбаев сынды даңқты жерлестеріміздің де есімдерін мәңгі есте қалдыру, әдеби және ғылыми мұраларын насихаттау шаралары атқарылып, мерейтойлары лайықты аталып өтілді.

Ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту, ұлттық құндылықтарымызды кеңінен насихаттау мақсатында 2008 жылдан бастап, барлық аудандарда дербес қазақ газеттері шығарылу үстінде.

Елбасының тапсыруымен бүгінгі ұрпаққа бейбіт өмір сыйлаған Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне де ұдайы қамқорлық пен сый-құрмет көрсетіп

келеміз. Ұзақ жылдар бойы кезекте тұрған көптеген майдангерлердің тұрғын үй жағдайлары жақсартылып, оларға жайлы пәтерлердің кілттері салтанатты түрде тапсырылды. Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында Петропавлдағы Жеңіс саябағын қайтадан жаңғыртып, қалалықтардың сүйікті демалыс орнына айналдырдық. Петропавлда жасақталған 314-інші атқыштар дивизиясының жауынгерлеріне ескерткіш орнаттық. Қалалық мәдениет және демалыс саябағы ішінде орнатылған Жеңіс стелласын да жаңарттық. Қызылжар өңірінен соғысқа аттанып, құрбан болған және елге тірі оралған барлық майдангерлердің есімдері мен қысқаша өмірбаяндары жазылған "Жеңіс жауынгерлері" кітабы шығарылды.

Өңір тұрғындарының санын ұлғайту мақсатында Елбасымыз белгілеген квота бойынша шетелдерден атажұртқа оралған ағайындарды көбірек қабылдап, жайлы қоныстарға орналастыруға күш салудамыз. Оралмандарды қабылдаудың өңірлік бағдарламасын жасап, оларға қажетті тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен салуды қолға алдық. Мұндай баспанаға ие болған отандастарымыз квота бойынша алған қаржыларын басқа мұқтаждықтарына жұмсайды. Облыс орталығына жақын жерде алыстан келген ағайындарға арналған жаңа Бәйтерек ауылы бой көтерді. Мұнда Президентіміз бекіткен "Нұрлы көш" бағдарламасы бойынша өткен жылы 140 тұрғын үй салынып, атамекенге бет бұрған отандастар игілігіне берілді.

Облысымыздағы демографиялық жағдайды жақсарту мақсатымен өткен жылғы қыркүйек айынан бастап, өңірлік "Ұрпақ қоры" бағдарламасын жүзеге асыра бастадық. Бұл бағдарлама бойынша былтыр төртінші және одан көп сәби дүниеге келген 155 отбасыдағы әрбір балаға екінші деңгейлі банктен арнаулы депозиттер ашылып, олардың әрқайсысына 160 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі (былтыр ол 226 мың теңгені құрады) қаражат салынды. Бұл қаржылай көмекті балалар кәмелет жасына толғаннан кейін банктік өсімімен қоса алып, өз болашақтарының жолына жұмсайтын болады. Осы жаңа жобаның игілігін әдетте отбасындағы бала санын шектеуді құп көрмейтін, атамекенге оралып жатқан ағайындар да көретіні айқын.

20 жыл ішінде туған елімізбен бірге жаңарған Қызылжар өңірі тұрғындарының әлауқаты жылдан-жылға артып келе жатқандығын айғақтайтын деректер аз емес: облыстағы жұмыссыздар саны 2010 жылы 2001 жылғыға қарағанда 17,1 мың адамға, немесе 56,3 пайызға азайды. Соңғы он жылда нақтылы орташа еңбекақының көлемі жыл сайын орта есеппен 18 пайызға өсіріліп, былтыр 51624 теңгеге жеткізілді. Ал тұрғындардың жан басына шаққандағы ақшалай табысы 5,4 есе арттырылды. Осы кезеңде жеке меншіктегі жеңіл автокөліктер саны 2 есеге көбейіп, әр 100 адамға 13 "темір тұлпар" бұйырды. Өңірдегі елді мекендердің барлығы телефон байланысымен қамтамасыз етілді. Негізгі телефон аппараттарының саны 2 есе ұлғайып, қазір орта есеппен әр 10 отбасыға 9 телефоннан келіп отыр. Интернет желісіне қосылған абоненттер саны кейінгі 5 жылда 5,1 есе артып, 39,7 мыңға жетті. Облыс орталығында тұратын мүгедектердің қала ішінде қиындық көрмей жүріп-тұруы үшін тегін "Әлеуметтік такси" қызметі ашылды. Петропавл мен барлық аудан орталықтарында мұқтаж жандарға дәрі-дәрмектер арзан бағамен сатылатын "Әлеуметтік дәріханалар" ұйымдастырылды. Қалада да, ауылда да бау-бақша, көкөніс өсіруге ниет білдіргендерге жер телімдерін бөлгізіп, барынша қолайлы жағдай туғыздық. Бескөл ауылы мен Петропавл қаласының арасы жақын, әрі жолаушылар жиі қатынайтындығын ескеріп, көпшіліктің көптенгі өтінішіне орай облыс орталығындағы бір троллейбус бағытын ұзартып, электр желісінсіз жүретін осызаманғы "Дуобус" көліктерін іске қостық.

Тәуелсіздік жылдары саламатты өмір салтын орнықтыру, спорт пен денешынықтыру саласын дамыту бағытында да қыруар істер тындырылды. Әсіресе, біздің өңірде онша көңіл бөлінбей, кенже қалып келген ұлттық спорт түрлеріне айрықша назар аударыла бастады. Қазіргі таңда спортпен шұғылданатын тұрғындардың саны облыс халқының 20 пайызын құрап отыр. Елбасының былтырғы жылғы Жолдауында қазақстандықтардың 30 пайызына дейінін бұқаралық спортқа тарту міндеті алға қойылғанын ескерсек, жергілікті билік органдарының бұл салада атқаратын істері ұлан-ғайыр. Бұл

ретте жеткіншек ұрпаққа Тәуелсіздік жылдарында еліміздің даңқын дүниежүзіне шығарып жүрген Александр Винокуров, Владислав Поляков, Дмитрий Бабенко, Елена Парфенова, Аслан Тоқбаев, Ақан Баймағанбетов, Маргарита Мацко, Дариға Шәкімова сияқты әйгілі спортшыларымыз мақтан тұтарлықтай үлгі-өнеге көрсетті.

Қазақстанның "Солтүстік қақпасы" атанған Петропавл қаласының қазіргі келбеті де бұрынғыдан әлдеқайда ажарлы. Ару Астанамызға қарап, бой түзеген облыс орталығының – XIX ғасырдағы көпестер мен дворяндардың айрықша сәулетті үйлері көрік берген, сауда-саттық қаласының тарихи ерекшелігін сақтай отырып, қазіргі заман талабына сай көркейтуге күш салудамыз. Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының аясында мұнда жаңа да көркем ықшамаудандар пайда болды. Бұрынғы Ленин атындағы орталық көше Қазақстан Конституциясы көшесі болып өзгертіліп, ақ өрнектас төселіп, сәнді орындықтар қойылып, әдемі шамдар орнатылып, әсем гүлдер егіліп, сұлулана түсті. Өзге көшелер де жөнделіп, көркейтіліп, түгел жарықтандырылды. Қаланың орталық алаңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне арналған сәулеттік композиция бой көтерді. Абылай хан мен Мағжаннан басқа, Қарасай мен Ағынтай батырларға, Абай мен Пушкинге, Үкілі Ыбырайға, Ғабит Мүсіреповке, Евней Букетовке ескерткіш қойылды. Бұрынғы НКВД мекемесі орналасқан жерге саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған монумент тұрғызылды. Ауған соғысына қатысушыларға белгітас қойылды. Жаңартылған облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қабырғасына қазақ және орыс халықтары достығының символына айналған Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің барельефі орнатылды. Қалалық мәдениет және демалыс саябағы жаңартылып, ішіне үлкен субұрқақ жасалып, қазақ және орыс әдебиеті классиктерінің, Қызылжар өңірінен шыққан тарихи тұлғалардың мүсіндері орнатылды. Қала көшелерінен жергілікті сәулеткерлердің қиялдарынан туған әралуан мүсіндік бейнелер орын алды. Өткен жылы облыс аудандары Петропавлда 13 жаңа шағын бақ орнатып, қалалықтарға тарту етті. "Жол картасы" бағдарламасының жәрдемімен бірегей ботаникалық бақ – "Қызылжар оранжереясы" қайта жаңғыртылып, құлпыра түсті.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында облыс орталығының шетіндегі Пестрое көлінің қасында Тәуелсіздік саябағы орнатылмақшы. Сондай-ақ қалада бұрын болмаған бірегей аквапарк құрылысы аяқталып, отбасылық демалыс орнына айналмақшы.

Ел өміріндегі айтулы мерекеге орай облыстағы барлық елді мекендерді де одан әрі көркейту жұмыстары жүргізілуде. Бұл орайда облысымызда "20 игі іс" акциясы өріс алып, басшы азаматтар мен кәсіпкерлер, зиялы қауым өкілдері өздерінің туған ауылдарына барып, хал-қадерлеріншe көмектерін тигізу үстінде. Мен болсам, ұлы Мағжанның Отаны – Сарытомар ауылына барып, өзімнің де кіндік қаным тамған атамекенімнің ажарын аша түсуге атсалыстым.

...Осыдан 20 жыл бұрын ана тіліміздің жанашырларының ұйытқы болуының арқасында Петропавлдағы бір орыс мектебінің жанынан 15 баланың басын құраған алғашқы қазақ сыныбы әрең ашылған еді. Ал қазіргі таңда Қызылжар өңіріндегі қазақ мектептерінде ұлты басқа 312 оқушы өздерінің жүрек қалауымен мемлекеттік тілімізде білім алып жүр. Түрлері бөлек болғанымен, тілдері де, тілектері де бір болып, өсіп келе жатқан жас ұрпақ өкілдері қазір әрқилы мәдени шаралар мен байқауларда Мағжан Жұмабаевтың "Мен жастарға сенемін!" атты өлеңін мәнерлеп жатқа оқуды ұнататындығы жиі байқалып жүр. Осы өлеңдегі:

"Мен сенемін жастарға:
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!" – деген сәуегей ақын бабамыздың асыл арманын, өшпес өсиетін қазіргі ұрпақ Тұңғыш Президентіміз, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кемеңгер басшылығымен абыроймен орындап, сүйікті Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстанның даңқын дүниежүзіне асырғаны әлемге аян.

Елмен бірге жаңарған біздің Қызылжар өңірінде бүгінде ұлы Мағжан рухы, елдік пен бірлік рухы асқақтап тұр.










1941-1945


ҚАРАСАЙ
БАТЫР
ЭРЫСТАЙ
БАСЫ

АҒА ҰРПАҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ШЫРАҚШЫЛАРЫ



Мақтай САҒДИЕВ,
Қазақстанның құрметті зейнеткері,
Солтүстік Қазақстан облысының
Құрметті азаматы

Елімізде ұлы оқиғалар болып жатыр. Солардың бірқатарын ғана айтсақ, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы, Астана Саммиті, 7-ші Қысқы Азия ойындары көз алдымыздан сүйінішпен тізіліп өтері хақ. Осы әлемдік ауқымдағы асқар белестердің бәрінен еліміз үлкен абыроймен өте білді. Бар әлемге таңдай қаққызған асулы алаңдардағы жеңіске, мерей мен мәртебеге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастап отырды. Ал, күні кеше өткен президент сайлауында жасалған бүкілхалықтық ұлы таңдау еліміздің де, елі сенген Еріміздің де жеңісі болғандығы және күмәнсіз.

Осыған, менің білуімше, ең алдымен, аға ұрпақ, ардагерлер қуанады. "Қариясы кімнің бар болса, жазулы тұрған хатпен тең" – деген екен данагөй Бұқар жырау бабамыз. Сол айтқандай, Қазақстанның "жазулы тұрған хаттарындай" қарияларының, ардагерлер ұйымы біріктіріп отырған мына біз сияқты аға ұрпақ өкілдерінің саны бір миллион 700 мыңның үстінде екен. Бұл – от пен судан өткен, өмірдің ыстық-суығында шыңдалған үлкен күш, тәжірибенің, даналықтың сарқылмайтын қайнар бұлағы. Сол кеніштің асылын, сол бұлақтың кәусарын қоғамның кәдесіне жарата білмек керек. Кеніш таусылмас үшін, бұлақ сарқылмас үшін осыларды аялап, қорғап, қамқорлыққа алу да әрі парыз, әрі міндет.

Бүгінгі ардагерлер дегеніміз, елімізге жау шауып, қатердің қара түнегі қаптағанда Отанымызды қаһармандықпен қорғап, сол сұрапыл соғыста фашистің мұздай құрсанған әскерін қирата жеңгендер, бүліншілікті, қираған қалалар мен селоларды, фабрика-зауыттарды, өзіміздің тылда сіңірі созылып қаусап қалған ауылдарды да аяғынан тік тұрғызып, кеуделеріне жан бітіріп, суалған тамырларына қан жүгіртіп, қайтадан тірілткендер, қалпына келтіргендер. Қазақстанның тыңын да солар көтерді, қоғамның рухани, мәдени өрісін де солар кеңейтті. 20 жылдан бері ақжолтай ардагер қауым тәуелсіз мемлекет орнату орайындағы ұлы міндеттің де қиындығын қыңқ етпей бірге бөлісіп, ауырлығын бірге көтерісіп келе жатыр. Себебі, адалдық пен азаматтықтан әркез мүлт кетпейтін аға ұрпақ Тәуелсіздігіміздің ең бірінші шырақшылары. Олар өзінен кейінгі буынның, балалары мен немерелерінің, шөберелері мен шөпшектерінің қамқоршысы, Қыдыр пейілді қариялар туған елі мен жеріндегі бүгінгі бақыттың сақшысы, қорғаушысы мен қолдаушысы, жарқын болашағымыздың жақтаушысы болмай тұра алмайды. Табаны күректей 20 жыл еліміздің ардагерлер ұйымын бақарғанда түйген ой-тұжырымым осындай.

Нұрсұлтан Әбішұлының да аға ұрпаққа, ардагерлерге деген ілтипаты мен сергектігі ерекше. Бұл – қарттарға үзбей жасалып келе жатқан қамқорлық-жеңілдіктерден,

зейнетақылардың орташа мөлшерінің бірнеше еселеп өскендігінен де көрініс тапты. Біздің елімізде ардагерлер ерекше мәртебеге ие болды. Ұлы Жеңістің 50, 55, 60, 65 жылдық мерекелері кезінде қарт майдангерлерге қаншама құрмет көрсетілгенін білеміз.

Бір ғана жайды еске алайыншы. Республика ардагерлерінің Астанада Президенттік мәдени орталықта өткен IV съезіне Мемлекет басшысы қатысып, сол форумда бір сағатқа жуық, нақтылап айтқанда, 55 минөт сөз сөйлеуі бәрімізді, барша ардагерлерді қанаттандырып, мерейге бөлеген ерекше жағдай болғандығы қалай ұмытылар?! Сол жолы қарияларға жасалып жатқан, алда жасалуға тиісті қамқорлықтар жайында баяндай келе, ардагерлердің елге сіңірген ерен еңбектері ұрпақ санасынан ешқашан өшпейді, уақыт өткен сайын ол асқақтай түседі деп аға ұрпақты құрметтеген Президент толғамдарына жиылған жұрттың бәрі разы болысып, алғыстарын білдіріп еді. Елбасы ардагерлерге деген сол ақ пейіл, ақ ниетінен айнымай келеді.

Мұның бір дәлелі, Президенттің бір де бір Жолдауында қарияларға қамқорлық жайы назардан тыс қалып көрген емес. Әрдайым балалармен, олардың аналарымен бірге аға ұрпақтың да өмірін лайықты қамтамасыз ету стратегиялық маңызды мәселе ретінде қарастырылады. Айталық, 2005 жылғы Елбасы Жолдауында азаматтарымыздың қарттығын лайықты қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін қалыптастыру міндеті алға қойылды. Мұның өзінен де Президентіміздің аға ұрпаққа қатысты мейлінше адамгершілік саясаты айқын көрініс тапты. Ал енді "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!" атты биылғы Жолдауына зер салсақ, мүлдем жаңа әлеуметтік саясаттың суретін танимыз. 2020 жылға қарай қазақстандықтардың өмір жасы 72 жасқа дейін ұлғаяды деп күтілуі карттар игілігіне қызмет етіп тұрған жоқ па?! Сондай-ақ, 2012 жылға қарай зейнетақылардың орташа көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе өседі деп жоспарлануы қарияларға қамқорлықтың айқын айғағы болып табылады.

Осы арада сәл шегініс жасасам, 1999 жылдың 10 қаңтарында көп ұлтты Қазақстан халқы тарихи таңдау сәтін бастан өткерді. Ол тарихи таңдау ел Президентін сайлауға байланысты болғандығы баршамызға мәлім. Осы орайда айтайын дегенім, еліміз үшін мән-маңызы зор сол бір жауапты шақта, халық тағдырының, болашағының талқыға түскен талайлы шағында аға ұрпақ өкілдері өз парасаты мен даналығын танытқан болатын.

Иә, қай кезде де ардагерлердің Нұрсұлтан Әбішұлына деген ілтипат-құрметі ерекше болғандығына мен кепілмін. Себебі, жүрегі кең, саясаты сарабдал Президент Назарбаев тұрғанда ардагер қауым өздерінің ертеңіне сенімді. Осы жылғы қаңтардың ортасында Президенттің өкілеттігін 2020 жылға дейін ұзартуды қолдап 5 миллионнан астам адам қол қойғаны жария етілді. Нұрекең десе, ішкен асын жерге қойған сол 5 миллионның бестен бірі ардагерлер екендігіне күмәнім жоқ. Мұның өзі де біздің ардагерлер мен Елбасы арасында алтын көпірдей тартылған дәнекер тіннің беріктігін білдірсе керек. Алда "Ардагерлер туралы" заң қабылданса, карттардың көңілі тіптен қалтқысыз болар еді.

Елбасыға айтар өзімнің алғыс-рахметім де аз емес. 30 жыл үзеңгілес әрі сенімді серігі болып қызмет еткен өз басым Нұрсұлтан Әбішұлының адами һәм азаматтық сергектігіне тәнтімін. Соған бір ғана мысал келтірсем, депутаттық өкілеттілігім аяқталған кезде Нұрсұлтан Әбішұлының әзіл-шынын араластыра: "Мақа, енді жағыңыз саудырап түсіп қалғанша осы отырған орныңыздан тапжылмай, ардагерлерімізді басқарып, елжұртымыздың бас ақсақалы болып отыра беріңіз" дегені де есте. Мұндай риясыз көңілге қалай елжіремессің?! Олай дейтінім, Мемлекет басшысының әр сөзінде айрықша қасиет, асыл дуа бар. Соның алдындағы 75 жылдығымның тұсында да, бұрынғы "Парасат" орденімнің үстіне Президенттің Алғыс хаты мен омырау белгісі тапсырылды. Сонымен қатар, еліміздің әлеуметтік және экономикалық өркендеуіне қосқан зор үлесі үшін, республика ардагерлер ұйымына басшылық жасаумен қатар Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде төл заңнамамызды жетілдіру жолындағы лайықты еңбегі үшін деп атап көрсетіп, жемісті қызметіме үлкен ризашылық білдірген еді. Әлбетте, Президент алғысының, Елбасы ризашылығының жөні бөлек, сүйініші алабөтен. Ол кі-






Мерейтойлық қонақтарымыз
құрметті ардагерлер!
С юбилейным новосе
дорогие ветераны!



сі тарапынан еңбектің бағалануы мерейіңді мың есе өсіреді.

Дегенмен, денсаулық жағдайыма байланысты Елбасының алдынан өтіп, республика ардагерлер ұйымының төрағасы қызметін сенімді ізбасар азаматтарға тапсырып бердім. 82-ге келген жасымда Нұрсұлтанның тілегін тілеп отырамын. Нұрсұлтан халқын сыйласа, Нұрсұлтанды Құдай сыйлап, көкке көтерсін! Бір Алланың рахметіне бөленсін, халқының алғыс, махаббатына кенелсін! Бұрын да айтқанмын, әлі де айтамын: осы жолы да Қазақстан Президенттігіне бірден бір даусыз лайықты, елдің тыныштығы мен ынтымақ-бірлігіне, халқының бақытты өміріне кепіл бола алатын, жарға жықпайтын, тұрақтылықты сақтайтын, сыннан өткен сенімді адам Нұрсұлтан Назарбаев екендігі айдай ақиқат. Дәл кешегі тарихи таңдау сәтінде де айналайын халқым қателеспеді, Нұрсұлтан сияқты кемеңгерді дұрыс таңдай білді.

Бір жағдай еске түседі. 70 жылдығымда Елбасының достарының бірі, халық жазушысы Сәкен сері Жүнісов мені құттықтаған арнау өлеңінде былай дегені бар еді:

Тұрғанда өн бойыңда өмір-күшің,
101-ге жет, армансыз өлу үшін.
Іниңмен бірге отырып жоспарлаған
Отызыншы жылды да көру үшін!

Сәкеннің ишаралап меңзеп отырғаны – 2030 жылы менің жасым 101-ге толады, Елбасының “Қазақстан–2030” стратегиясының қалай жүзеге асқанын көру үшін маған 101-ге жет, дейді. Несі бар, әдемі де астарлы әзіл әрі мағыналы сөз. “Жақсы сөз – жарым ырыс”. Құдайым берсе, 101-ге жетуді де, 2030 жылды көруді де ішіміз жек көрмейді. Дегенмен де, бірінші қызық-қуанышты, келешектің ғажайыбын, шаттығын халық көрсін, ұрпағымыз көрсін! Сол үшін де Нұрсұлтан Әбішұлына, адастырмас серкемізге, аймаңдайлы көсемімізге әрқашан да ақ жүректен амандық тілеймін, өзінің маған айтқанындай, 2030-ға, одан арғыға өзі де жетіп, халықтың қолдауымен Президент тағында елін даналықпен билеп отыра берсін деп тілеймін.

**(“Егемен Қазақстан”,
20 сәуір 2011 жыл)**






00 01 КС










АКАДЕМИК
ЕВНЕЙ
БУКЕТОВ




Сәбит
Мұқанов
1900-1973



ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ АРМАНЫ ЕДІ



Кәкімбек САЛЫҚОВ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері,
Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы

Жезқазғанда қызмет атқарып жүрген кезімде, нақтырақ айтсам, 1973-жылы, бір жазғы кеште ардақты ақын досым, әрі жаны жайсаң шын тілектес інім Тұманбай Молдағалиев Алматыдан телефон соқты. Сондағы жедел айтқаны: "Кеше кешке "Қазақконцерттің" тамаша залында Жезқазған облысынан келген "Ұлытау" ансамблінің керемет концертін қызықтадық. Бір кезде екі сұлу қыз – бірі Жібек, бірі Баян сұлудай шыға келіп, сіздің "Дала" атты поэмаңызды жан-жүректі тербете, ұлтымыздың бар ұлағатты ұлыларын танытқандай тамылжыта тақпақтап беріп, бір кезде:

"Сұлу Көкше, өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылымен қорғаған,
Бабаларым осал емес шамасы",
– деген кезде зал ду қол шапалақтады, бабаларымыздың шапқынды дүбірлері естілгендей қол соғу тынбады. Сол кезде батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы:

"Отставить! Бұл өлеңді жазған ақын кел бері, қатты қысып, бетіңнен бір сүйейін", деп залға қарады, қыздар тына қалды. Сол кезде мен: "Бауке, ол Кәкімбек Салықов деген ақын, досым Жезқазғанда тұрады", дегенімде: "Бәсе, Алматыда асыл арманын тап осылай ашық айтатын ақынды көрмеп едім, досыңа сәлем айт!" деп бұйырды. Баукеңе телефонмен болса да рахмет айтыңыз, Кәке", деп Тұманбай сөзін тоқтатты.

Біраз күндерден кейін жол түсіп, Алматыға іссапарға келсем, Шота Уәлиханов та, Тұманбай Молдағалиев те: "Баукеңе барайық, ішінде "Дала" атты поэмаң бар "Жезкиік" атты кітабыңды сыйға тарт", деп жанашырлық тілектен, ақ жүректен шыққан ұсыныс енгізді. Мен Баукеңе баруға көнбедім, өзімше ерсі көрдім. Сонда мектептес, сыныптас досым Шота: "Әй, Кәкімбек, сенікі дұрыс емес. Баукеңнің ойы, шіркін, әріде жатыр ғой, бабаларымыз сойылымен қорғаған соншама жерді Алаш арыстары айтқандай, Тәуелсіздікке жеткізе алмай жүрміз ғой. Бауыржан деген тор ішінде бұлқынған жолбарыс емес пе?!" деп ойлантып тастады. Ұлы адамның арманы да ұлы деп түйіндеп едік.

Енді бүгін сол көкейкесті асыл арманымыз, Жұбан ағам айтқандай: "Мың өліп, мың тірілген" қазақ Тәуелсіздікке жетіп, сол баға жетпес ұлан-ғайыр жеңістің 20 жасқа толған торқалы тойын дербес ел болған Қазақстан Республикасы, барша қазақ тойлағалы зор думанға дайындалып жатыр. Қазақтың Тәуелсіздігі дегенде, сол ұлы жеңістің бастаушысы болып, Тәуелсіз Қазақстан Республикасын өз қолымен орнатқан Тұңғыш Президентіміз, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атын атамай өте алмаймыз. Бұл дегеніміз – тарихқа алтын әріптермен жазылған өмір шындығы, заман шындығы, әлемдік ірі жаңалық.

Жиырма жыл дегеніміз тарих үшін үзім ғана мезет, ал өз көзімізбен көріп, қиындығы мен қызығына, таршылығы мен кеңшілігіне қанықкан бүгінгі қазақ баласы үшін бұл жылдар – ертегідей ерен, әр күнінің жыры мол, сыры терең құбылыс. Кеңестік тоталитарлық, бодан күннен құтылғанымызда қуанышқа шек болмады. Алғашқы жылдардың ауыртпалығы аз болған жоқ. Жардан жапалақ құлап түссе, көзге онша іліктейді, ал алдыңа оқ шығынсыз сойқан Самұрық құлап түссе, шошып кетпейсің бе? Дәл солай алып империя құлағанда дауылпаз дана ақынымыз, ардақты жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың:

"Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол айбынды ер Алашым.
Өзі-ақ құлар, сырың берме сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын",

– деген әулиелік көреген сөзі еске түсе кетеді. Ескі одақ құлады, бұрынғы одақтық республикалар Тәуелсіздікке жетті, бірақ қырық жамаулы дүние ойда жоқта күрт құлағанда барлық ішкі-сыртқы байланыстарының пәре-пәресі шығып үзілді де кесілді, қаусап тұрған әйнектен жасалған ғимарат құлағандай күндер көрдік. Жас тәуелсіз ел Қазақстанды ол қиындықтардан айбынды басшымыз Н.Ә.Назарбаев санаулы жылдарда алып шықты. Кеңес үкіметінің бетке ұстар ашық та айғақ идеологиясы бойынша капитализмді аттап өтіп, социализмге жеттік, коммунизмге тақау қалдық деп жүрген далбасасы далада қалды. Жаңа өмірде Елбасымыз әр нәрсенің меншігін таптырып, бәсекемен өркендер нарықтық экономикалық жүйеге көшті де, сол тар жол, тайғақ кешу кезінде Нұрсұлтан Назарбаев "Әуелі – экономика, содан кейін – саясат" деген тарихи ұран тастады. Қазақ деген негізінде намысшыл ел ғой, сол ұранның орындалу жолында әлемде бар жаңалықтарды игеріп, капитализмнің қол жеткен табыстарын көдеге жаратты. Елде бар тоқтап қалған байлық көздерін дереу іске қосу үшін шетелдік инвестиция ала білді. Олай дейтінім, ол оңай олжа емес, біріншіден, сенімді елге береді. Аз жылдарда аунап түскен тұлпардай атып тұрып, бір сілкініп, қазақ елі алға басты. Әлем әлді мемлекет, әйгілі басшыны көріп, үлкен сенім артты. Әне, соның нәтижесінде жас мемлекет Қазақстан тез арада есін жиып, астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру сынды ұлан-ғайыр қызу іске кірісті. Қай елде болсын астанасын көшіру оңайға соқпайтынын білетінбіз, бірақ Нұрсұлтан Әбішұлының бұл бастамасын ел қолдады, елдің зиялы азаматтары қолдады. Ол жәй ғана төр жаңарту емес, Еуразияның кіндік төрінде Астананы орналастыру әкімшілік, ел басқару ісінде көптеген ыңғайлылық тудырды. Тың көтеру заманында солтүстік өлкелерімізде тым селдіреп қалған өз ұлтымыздың өкілдері көбейіп, еліміздің негізгі іргесін мықтап бекіттік. Жаңа заманға әбден лайық тамаша қала туды. Қуанғаным сонша – Астананың әр жылына жаңа өлеңдерімді арнап, онжылдығында "Әлемнің сегізінші ғаламаты" атты әдемі суреттермен безендірілген өлеңдер жинағымды шығарып, шын жүректен шашу шаштым. Бұл жалғыз менің емес, бүкіл замандастарымның көкейіндегі қуаныштардың белгісі еді. "Аққу елім – Қазақстаным" деген өлеңімде:

"Есімің Ай, әлемге тұрақталып,
Келіпсің Сарыарқаға жұмақты алып.
Көзіме көрінесің жас Астана,
Аққу-құс көлге қонған сияқтанып.
Іргесі егемен ел беріктенсін,
Қазаққа сұлу тұлғаң көрік берсін,
Қазақстаным гүлдене берсін",

– деген екенмін. Бұл өлеңге композитор жерлесіміз Ерұлан Қанапиянов ән шығарып, ол әнді әйгілі әншіміз Роза Рымбаева теледидардан, әсіресе, "Еуроньюс" арнасынан бір жылы күнде таңертең айтып, шаттығымызды шартарапқа жеткізді.

Тәуелсіздік жайлы, ол әкелген тамаша жаңалықтар хақында айтар сөз көп. Солардың ішінде тарихымыздың ақтаңдақтары айқындалып, ақиқатқа көз жеткізіп, өткен өмірдің бұрмаланып келген отар һәм бодандық кезіндегі қиянатты күндерін, әсіресе, 1932 жылдардағы қазақтың қақ жартысы қырылған аштық пен 1936-37-жылдардағы арыстарымызды, асылдарымызды жазықсыз кінәлап, өтірік пәле жауып, ату жазасына еш ұятсыз қиған зомбылықтық әрекеттерінің көзін ашты. Өткендеріміз оралып, өшкендеріміз жаңғырып, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Үкілі Ыбырай, Ақын Тайжан секілді дарындарымыз бен Ахмет Байтұрсынов,

Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов іспетті ұлтымыздың маңдайалды көсемдері халқымыздың бауырына қайта кірді. Қошке Кемеңгеров, Нәзір Төреқұлов,





Смағұл Сәдуақасов сынды аттары аталмай кеткен арыстарымыздың бұл күнде барша қазаққа айғақ болғаны рухани байлығымызды әлдеқайда байыта түсті.

Тап осы мәселеге келгенде тарлан тарихымызды, тамаша ақын, батыр, қолбас-



шы, жырау болған, ұлтымыздың аса көрнекті ұлдарының өмірін үлгі етіп, аттарын айғақтап, мәңгілік белгі орнату жолында соңғы жылдары Солтүстік Қазақстан облысында қыруар жұмыс істелінді. Шал ақынға, Мағжан ағамызға, Ғабит Мүсіреповке аудандардың аттары берілді. Олардың еңбектері де кең таралып, ел қолына тиді. Бұл тұрғыда ұлтымыздың ерекше дарынды ұлы әрі ақын, үздік композитор, әйгілі әнші, Исатай, Махамбет жорықтарына қатысқан ержүрек батыр Сегіз серінің патша үкіметі құдалаумен ұмыттырған аты шартарапқа қайта жетті. Тіпті бұл ұлы бабамыз туралы "Ол тірлікте болмаған адам" деген нақұрыс жалалар да жабылды. Облыс орталығындағы "Асыл мұра" ұжымының бұл тұрғыда атқарған еңбегі орасан.

Сегіз серінің екі томдық еңбектері жарық көрді. Бұрын "халық әні" аталып жүрген әндері өзіне оралып келе жатыр. Бір ғана "Ғауһартастың" өзі неге тұрады?! Егер қазақтың бұлбұл қызы Күләш Байсейітова апамыздың атын бар әлемге Үкілі Ыбырай бабамыздың "Гәккуін" орындау шығарса, Еңбек Ері, халық әртісі Бибігүл Төлегенова замандасымызды заңғар биікке көтерген де осы "Ғауһартас". Қысқаша қорытсақ, Сегіз серіні Біржан сал атамыз ұстазым деп ардақтап өтсе, бұл данамыз ардақтар, алға тартар, елге молырақ таныстырар бағасын әлі алған жоқ. Сегіз сері – ұлан-ғайыр еңбектері мен қилы замандағы қиянатқа қарсы күрескерлік күндерімен 36 ғана жас жасаған өте сирек құбылыс. Сегіздің дарынына тағы бір таң қалғаным, Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантай туғанда тойды бастап, өлеңдетіп-әндетіп, атын қойып, үлкен бата беріпті. Сол батасында жас нәрестеге "Солардай бол!" деп, қазақтың сол заманғы маңдайалды сексеннен аса адамдарының атын атапты. Тап осының өзі Сегіз сері бабамыздың ерекше туған, ұлы дарын екенін дәлелдеп тұр. Тек қана әлі де зерттей түсіп, тиісті бағасын беріп, аты мәңгілікке жетердей белгі орнату – келешектің ісі.


Міне, бір ғана Сегіз серіні сөз етсек, қаншама қызғылықты дүние жатыр. Және де өмірінің көбі қуғында өтсе, ол "қазақтарды тәртіпке келтіруге" арналған жасақты басқарудан бас тартқаны үшін Омбының сол кездегі губернаторы атын өшірмек болып әлектенді. Сол қиянатты қуғында жүріп қаншама асыл мұра тастап кетті. Егер де Қожаберген жырауды бұрын ескермей келсек, еліміз Тәуелсіздікке жеткенде есіміз кіріп, ұлы бабамыздың атын атай бастап, 2010 жылы туған жерінде ескерткіші орнатылып, ауылдастары орасан қуанышқа бөленді. Қожаберген жырауды Бұқар жыраудай данамыз ұстазым деп ардақтаса, оның ірінің ірісі, дананың дарасы, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болар зор тұлға екенінде еш күмән жоқ. Тәуелсіздіктің ұлы тойының қарсаңында есімі ұмытылып жүрген ел дүлдүлі Үкілі Ыбырайға лайықты ескерткіш облыс орталығында және тамаша шағын мүсін ауылында орнатылып, бұрынғы Өскен ауылына Үкілі Ыбырайдың аты берілді.

Бұл күндері бүкіл еліміз Тұңғыш Президентіміздің бастауымен инновациялық-индустрияландырудың екпінді жұмысын "Жол карталап", серпінді түрде жүргізіп жатыр. Біле білсек, бұл Нұрсұлтан Әбішұлының ұлы бастамасы, инновациялық-индустрияландырудың революциялық қадамдары дер едім. Олай дейтінім, жас мемлекет әлемдегі жаһандану заманына сәйкес ең керекті, әрі ең жауапты, ең ауыр істі өте қарқынды түрде бастап кетті. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына бір белгі Астана қаласы болса, осы ұлы жолда дүниеге келген әр өндіріс орыны зор шашу, ең қымбатты шашуымыз деп есептеймін. Кен байлығы, жер байлығы, мұнай мен газ да сарқылады, ал бүгін қатарға тұрып жатқан инновациялық-индустрияландыру нысандары өздерінің шығаратын түпкі өнімдерімен еліміздің елдігін бекітіп, болашақтағы ең сенімді тірегіміз болады. Осы тұрғыдан 2009 жылы "Егемен Қазақстан" газетінде басталған жұмыстарды бітіріп бергенше Тұңғыш Президентімізді құтты орнында отырғыза тұрайық дегенім бар еді. Бұл күнде, Құдайға шүкір, бұл мәселені бүкіл ел қолдап, биыл кезектен тыс өткен президенттік сайлауда халқымыз Елбасыға дауыс беріп, бірден-бір дұрыс таңдау жасады. Еңкейіп қалған қарт емес, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың нағыз ысылған, мәрт кезі.

Тәуелсіздік ұлтымыздың ұлы арманы еді, оған да жеттік. 20 жылда ел іргесі бекіді, келешекте осы қарқынмен қарыштап, әлемдегі озық елдер қатарына жетейік! Бұл тілектің де орындалуына еш күмән жоқ. Ел аман, Елбасы аман, ішкі дау мен сыртқы даудан Алла есен сақтасын! 20 жылдық асыл той, ғасыр той құтты болсын!


ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
"МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ МҰРАЖАЙЫ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ




БҰЛ ҮЙДЕ 1922 жылы
ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
ТҰРҒАН
В ЭТОМ ДОМЕ В 1922 году
ЖИЛ ВЕЛИКИЙ
КАЗАХСКИЙ ПОЭТ
МАГЖАН ЖУМАБАЕВ


ҒАБИТ
МҮСІРЕПОВ






ИВАН
ШУХОВ






















ШАЛ
АҚЫН
1748-1819 ж.ж.


СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АКИМАТ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ


HALYK BANK






КАЗАХСТАН


GLANCE




АБАЙ
ПУШКИН

БИІК БЕЛЕС, МАҢЫЗДЫ МЕЖЕ

Абай ТАСБОЛАТОВ,
Республикалық ұлан қолбасшысы

Сан ғасырлық тарихында қазақ халқы өзінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын, ана тілі мен ділін және басқа да құндылықтарын сақтап қалу үшін қилы кезеңді бастан кешірді. Аттары аңызға айналған көшпелілер – сақтар, ғұндар мен көк түркілердің ұрпағы ретінде біз басты байлығымыз – қазіргі Қазақстанның ұлан-байтақ даласына мұрагер болдық.

Біздің даңқты бабаларымыз – ұлы хандар мен батырлар терең ақыл, биік намыс, ержүректік арқасында ел мен жердің Тәуелсіздігі үшін күресті. Олардың бастауымен халқымыз азулы көршілерінің тоқтаусыз қысымына қарамастан, тарих қойнауында жоғалып кетпей, өзін сақтай білді. Алтай мен Атырау арасына кеңінен жазылған Қазақстан жері басқыншы жаулардың шабуылынан аз зардап шеккен жоқ. Сонау ежелгі заманда-ақ ата-бабамыз "Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында" деп бекер айтпаған. Осындайда Жалаңтөс Айтқұлұлы, Қарасай Алтынайұлы, Ағынтай, Қожаберген Толыбайұлы, Есет Көкіұлы, Бөгенбай Ақшаұлы, Қабанбай Қожағұлұлы, Хангелді Сырымбетұлы, Саңырық Тоқтыбайұлы, Өтеген Өтеғұлұлы, Қойгелді Сартұлы, Райымбек Түкеұлы, Наурызбай Құттымбетұлы, Олжабай Толыбайұлы, Баян Қасаболатұлы, Жанатай Ақанұлы, Жауғаш Қырбасұлы және тағы басқалары туған ел мен жерді есепсіз жаудан ерлікпен қорғады. Олардың халқына деген адалдығы, ерлігі мен батырлығы біздің санамызда мәңгілікке сақталып қалды.

Ата-бабаларымыздың азаттыққа, аумақтық тұтастыққа деген сан ғасырлық арманы біздің заманымызда, өткен ғасырдың 90-жылдарында ғана орындалды. Кеңес Одағының құрамында өткен 70 жылдық өмірінен кейін Қазақстан егемендігін алды, өз экономикасы, жер ресурстары, тілі мен мәдениеті бар, халықаралық қатынастар саласында өзіндік саясатын жүргізе алатын тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіздік алғаннан бергі 20 жыл ішінде Қазақстан саясат пен экономикада ауқымды жетістіктерге жетіп, әлемнің ірі державалары пікіріне құлақ асып, ұсынысын мақұлдайтын беделді мемлекетке айналды.



Әрине, бүгінгі гүлденген Қазақстан, дамыған мемлекет – барлық саладағы көп жылғы ерен еңбектің нәтижесі. Жиырма жылғы Тәуелсіздік белестеріне көз салсақ, Мемлекет басшысының, ел ағаларының, отандастарымыздың ортақ үлесі арқасында басты деген құндылықтарымызды айқындап, заңдық негізде бекітіп алғанымызды көреміз. Әскери саланың маманы ретінде біз солардың маңызды дегендеріне кеңінен тоқталып, бір саралап өтуді жөн көрдік.

Тәуелсіздік таңы атқалы баршамызды мазалап жүрген мәселе – мемлекеттік шекараны межелеп, ел шебін айқындау болатын. Елбасымыз бұл бағыттағы істер туралы: "Жер мәселесі, ұлттың өмір сүру ке-

ңістігі мен сыртқы шекараны қорғау біздің бабаларымыз үшін қай уақытта да ең маңызды мәселе болып келген. Міне, біз де Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап осы мәселелерді шешуді басты мұрат еттік", – деген еді.

Бірінші кезекте, біз Қытай Халық Республикасымен шекара сызығын айқындап, екіжақты келісім жасадық. Бұған дейін патшалық Ресей де, Кеңестер Одағы да Қытаймен шекара мәселесін түбегейлі шеше алмаған болатын. 1994 жылы екі ел арасында Мемлекеттік шекара туралы келісімге қол қойылып, кеңестік жылдары екі әлеуетті қарсыластың арасын бөліп тұрған 1700 шақырым жерге қатысты қарым-қатынастар заңдық тұрғыдан ресімделді.

Ресей Федерациясымен шекараны белгілеу де оңай шаруа емес еді. Мемлекет басшысының табандылығы мен даналығының арқасында солтүстік көршімен шекаралас аумақ халықаралық қарым-қатынасқа еш залалсыз сақталып қалды. 2005 жылы екі ел арасында мемлекеттік шекараны межелеу туралы тарихи келісімге қол қойылды. Ұзындығы 7591 шақырымға созылатын бұл шекара – Қазақстанның сыртқы шекарасы ішіндегі, сондай-ақ әлемдегі құрлықтық шекаралар ішіндегі ең ұзыны екені белгілі.

Мемлекеттік шекараға қатысты мәселелерді реттеу және біздің екі ірі көршімізбен тиісті келісімдерге қол қойылуы ежелден қоңсы қонған, серіктес болған елдер арасын бұзуға бағытталған барлық түсініспеушілік пен арандатушылыққа тоқтау салды. Осындай салмақты да маңызды келіссөздер оңтүстікте Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанмен жүргізілді, бұл істеріміз де оңды аяқталып, мемлекеттік шекара мәселесі толығымен шешілді.

Нәтижесінде Қазақстан Республикасы өзінің алып жерінің төрт құбыласын түгендеп, 14,5 мың шақырымдық шекарасын межелеп алды. Осылайша, мемлекеттің аумағы енді қайтып еш күдік туғызбайтын деңгейде толық белгіленіп, екіжақты құжаттармен ресімделді. Бұл маңызды саладағы жұмыс нәтижесі туралы Мемлекет басшысы 2005 жылғы 29 қыркүйекте Дүниежүзі қазақтарының III-ші құрылтайында былай деп қорытқан еді: "Жер аумағын белгілеп алғанымыз – Тәуелсіздік жылдары қолымыз жеткен жетістіктердің ең бастысы. Бұл туралы біз замандастарымыз алдында да, болашақ ұрпақ алдында да мақтана айтуға құқылымыз".

Тәуелсіз Қазақстанды әлемге танытқан алғашқы оң бастамасы – ғаламшардағы тыныштық пен қауіпсіздік жолында ірі ядролық әлеуеттен бас тартуы болды. Н.Ә.Назарбаев бастаған Тәуелсіз Қазақстан ядролық қарусыз держава дәрежесін таңдады, қатерлі қаруды кезең-кезеңмен елден әкетіріп, түбегейлі құтылды. Ядролық қаруды таратпау туралы келісім-шартқа қосылдық, ТМД мемлекеттері ішінде алғашқы болып Стратегиялық шабуылдау бойынша қаруланууды азайту туралы келісімді қабылдадық.

Ел Президенті Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 62-сессиясында сөйлеген сөзінде әлемнің ядролық державаларын атомдық арсеналынан бас тартқан Қазақстаннан үлгі алуға шақырды. Қазақ елі басшысының бұл ұсынысы бейбітшілікті жақтаушы ұйымдардың, әлемдік қауымдастықтың ырзалығын туғызды. Қазіргі күні Қазақстан үлгісімен Латын Америкасы, Африка, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азияда ядролық қарусыз аймақтар құрылды.

Елбасымыздың ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 29 тамызды Жаппай қырып-жою қаруымен бүкіләлемдік күрес күні деп бекітті. 1991 жылы осы күні Қазақстан басшысы өзінің Жарлығымен әлемдегі ең ірі ядролық полигонды жапқан болатын.

Қазақ елінің ядросыз әлем ісіне қосқан үлесі туралы өткен жылғы сәуірде Вашингтонда өткен жаһандық саммитте көп айтылды. Мәртебелі тұлғалардың барлығы біздің Елбасымызды ядролық қарусыздану ісінде үлгі болатын тұғырлы тұлға деп бағалады. Саммит соңында мемлекеттік басқару, қауіпсіз әлем құру жолындағы орасан зор еңбегі үшін біздің Президентіміз Бейбітшілік және алдын алу дипломатиясы сыйлығына ие болғанда төбеміз көкке жеткендей болды.

Бүгінгі таңда елдің тұрақты қауіпсіздігін сақтау бір ғана мемлекеттік шекараны бүтіндеумен, Қарулы Күштерді күшейтумен шектелмейтіні белгілі. Сондықтан аймақтағы көршілес елдермен тату-тәтті достық қарым-қатынасқа қол жеткізу үлкен жұмыс болса, оны одан әрі дамытып сақтау – аса

маңызды мәселе. Сол маңызды мәселелердің бірі аймақтық көршілермен қауіпсіздікті бірлесіп сақтау, яғни ұжымдық қауіпсіздік болып табылады. Тәуелсіз жиырма жыл ішінде Қазақстан аймақаралық және жаһандық кикілжіңдерге қарсы бірігуді жақтап, ұжымдық қауіпсіздікті белсенді қолдаушы ретінде танылды. Осы бағыттағы беделді халықаралық ұйымдарға, мәселен, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше болып үлгерді. Аймақтық қауіпсіздік ұйымдарының құрамына кіретін ірі еуразиялық мемлекет ретінде Қазақстан қауіпсіздікті және өзара сенім жағдайын нығайту жолындағы ізденістерін жалғастырып келеді.

2010 жылы Қазақстанның төзімділік пен плюрализмге негізделген ұстамды, салиқалы саясатының жарқын жемісі болған маңызды тарихи оқиға орын алды. Біздің еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төраға болды. Бұл құрметті де өте жауапты миссияны атқару үстінде Қазақстан аймақтағы қауіпсіздікті нығайтып, ұйымға мүше елдер арасындағы диалог ауқымын кеңейтті, ұйымның ішіндегі дағдарыстан шығуға жаңа серпін беріп, жұмысын жаңа белеске көтерді.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде созылмалы қақтығыстарды реттеу, терроризммен күрес және шыдамдылыққа тәрбиелеу, сонымен қатар, Ауғанстанды қалпына келтіруді іске асыру секілді маңызды мәселелерді шешуге күш салды, Қырғызстандағы жағдайды реттеуге үлесін қосты.

Еліміз төрағалығының қою нүктесі өткен жылғы 1-2 желтоқсанда Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Саммиті болды. Бұл басқосу жаһандық қарым-қатынасты, мемлекеттер арасындағы сенім мен өзара тұрақтылықты жаңа сатыға көтерді.

Тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма жыл ішінде Қазақстан қол жеткізген ірі жетістіктердің бірі – заман талаптарына сай жарақталған кәсіби әскерді қалыптастырғаны. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, “Бәрінен бұрын осы әскери-техникалық және әскери-стратегиялық салада қоғамның, мемлекеттің, экономиканың, тіпті тұтас қоғамдық-саяси жүйелердің шын қауқары анық көрінеді” (”Ғасырлар тоғысында”). Сондықтан Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін барша әлемге жария еткен күннен бастап Қарулы Күштерін қалыптастырып, оны замана талаптарына сай жоғары сапада жетілдіру мәселесін басты назарда ұстап келеді.

1991 жылғы 25 қазанда Мемлекеттік қорғаныс комитеті түрінде құрылған орган кейіннен Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. Әскери қауіпсіздік жүйесін құрудағы келесі шешуші қадам Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылуы болды. Бұл үдеріс, әрине, оңайға түскен жоқ. Көптеген қиындықтарды жеңе келе, тәуелсіз елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғайтын үлкен жүйе қалыптасты.

Алдымен Қазақстан армиясы Құрлық әскері, Әскери-әуе күштері, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскері мен Әскери-теңіз



күштері секілді дәстүрлі төрт түрден тұрды. Бірақ уақыт талабына сай жиырма жыл ішінде Қарулы Күштер құрылымына елеулі өзгерістер енгізілді. Жедел-стратегиялық тапсырмаларды орындауды басқару мақсатында “Астана”, “Батыс”, “Шығыс”, “Оңтүстік” өңірлік қолбасшылықтары құрылды. Қарулы Күштер қолданылу саласына байланысты Құрлық әскері, Әуе қорғанысы күштері, Әскери-теңіз күштері болып үш түрлі негізге көшті. Жаңа стратегиялық басқару органы – Штабтар бастықтары комитеті құрылды.

Бүгінгі әлемдегі қауіпсіздік жүйесі елеулі реформалауды талап етті, жиі-жиі қарулы қақтығыстар белең алды, түрлі мемлекеттердің стратегиялары арасындағы қайшылықтар арта түсуде. Осыған байланысты қатерлердің алдын алу мен оларды жою, жалпы алғанда, елдің дағдарысқа қарсы







әлеуетін арттыру мақсатында ұлттық қауіпсіздіктің тиімді заманауи жүйесін құру қажеттілігі туды. Сөйтіп, 2007 жылғы 21 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде мемлекеттің ұлттық, нақтырақ айтқанда, әскери қауіпсіздігіне қатысты мәселелерін реттейтін, ең алдымен қорғаныс сипатындағы жаңа Әскери доктрина қабылданды. Осы қадамдардың барлығы – Қазақстанның Қарулы Күштерді дамыту мен жетілдіруге бағытталған, пәрменді саяси дипломатияға негізделген саясатының жарқын көрінісі. Мемлекеттің қорғанысқа қабілеттілігін нығайту мақсатында Қарулы Күштердің оңтайлы құрылымы бекітіліп, әскеріміздің даму жолындағы стратегиялық қазығы айқындалды.

Егемен Қазақстанның Қарулы Күштері кез-келген жағдайда Жоғарғы Бас Қолбасшы қойған міндеттерді лайықты орындауға әрқашанда қабілетті. Бүгінгі әскеріміз мемлекеттің әскери қауіпсіздігіне сенімді кепіл бола алады. Шетелдік сарапшылардың бағалауынша, Қазақстанның Қарулы Күштері кеңестен кейінгі кеңістіктегі озық үштіктің қатарында, ал Орталық Азия аймағында біздің армия ең үздік деп танылды.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттің Қарулы Күштерімен қатар әскери мамандарды даярлау жүйесі де қалыптасты. Болашақ офицерлер даярлаудың көпсалалы жүйесіне бағытталған жоғары оқу орындары қатарында Құрлық әскерінің Әскери институты (бұрынғы И.С.Конев атындағы Алматы жоғары жалпыәскери командалық училищесі) ерекше орын алады. Қазір институт 11 әскери мамандық бойынша офицерлер даярлап, Қазақстан Қарулы Күштерін кәсіби мамандармен қамту ісіне орасан зор үлесін қосып келеді. Уақыт талабына сәйкес көптеген өзгерістерге ұшырағанымен, бұл жоғары оқу орны еліміздегі әскери білім беру ісіндегі көшбасшы позициясынан ауытқыған емес. Оның іргесінен бөлініп шыққан Ұлттық қорғаныс университеті әскери педагогтар және әскери ғалымдар даярлаудағы әскери адъюнктура, докторантура, диссертациялық кеңес жұмысы секілді өзекті мәселелерді түбегейлі шешті.

Қорғаныс министрлігінің Радиоэлектроника және байланыс әскери институты радиотехника саласына маманданған офицерлерді даярласа, Әскери-теңіз институты Қарулы Күштерді, ҰҚК Шекара қызметінің теңіз бөлімдерін жасақтау үшін мамандар даярлайды. Ал әскери ұшқыштар мен авиацияның инженерлік құрамының қатары жыл сайын екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Я.Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері әскери институтының түлектерімен толығып отырады.

Еліміздегі әскери кадрлар даярлау ісінде кіші командалық құрам – кәсіби сержанттар әзірлеу де ескерілген. Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы, С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы "Жас ұлан" мектебі секілді оқу орындары да Отан қорғаушылар даярлау жолындағы бір баспалдақ болып отыр.

Әскери сала мамандарын даярлайтын тағы бір ордалы оқу орны – ІІМ Ішкі әскерінің Әскери институты.

Еліміздегі тағы бір озық әскери оқу орны Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институты болып табылады. Ал ұлттық қауіпсіздік органдарының шұғыл және басшылық қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктіліктерін арттыру ісін Әскери академия жүзеге асырады.

Төтенше жағдайлар министрлігінің техникалық институты болса, кәсіби өрт сөндірушілер мен құтқарушылар даярлайтын жоғары оқу орны. Қорғаныс министрлігінің Армия орталық спорт клубы жанындағы Әскери спорт колледжі орта кәсіби білімі бар жоғары сыныпты спортшыларды және спорт мамандарын даярлайды. Осылайша, Қазақстанның әскери оқу орындары еліміздің қорғаныс қабілеттілігі мен егемендігін нығайту мақсатында Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар үшін кадрлар даярлауды замана талаптарына сай сапалы жүзеге асырып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық және әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне Қарулы Күштерден бөлек бірнеше әскер түрлері және басқа әскери құрылымдар қатысады. Олардың қатарында Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара әскері, Төтенше жағдайлар министрлігінің әскери бөлімдері, Президенттің Күзет қызметі және Республикалық ұлан бар.

Тәуелсіз Қазақстанның қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы айрықша құрылымдарының бірі – Республикалық ұлан ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен құрылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін біздің еліміз халықаралық байланыстар ауқымын кеңейтті, шетелдерден келетін жоғары лауазымды қонақтарды қабылдап, халықаралық әдеп талаптарына сай хаттамалық шаралар өткізе бастады. Сол кезеңде айрықша мемлекеттік міндеттерді атқарып, ел қауіпсіздігін қорғау ісіне үлес қосатын арнайы орган құру қажет болды. Оған жоғары лауазымды тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дәстүрлік рәсімдердің орындалуына қатысу, аса маңызды мемлекеттік объектілерді, Мемлекеттік Ту мен Мемлекеттік Елтаңба эталондарын күзету жүктел-

ді. Ал әскери және төтенше жағдай режимі кезінде Республикалық ұлан Қазақстан заңдарында көзделген тәртіппен іс-шараларды жүзеге асыратын болып бекітілді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Республикалық ұланның даму барысын мұқият қадағалап, жауынгерлік даярлық, техникалық және тылдық қамтамасыз ету, әскерилер отбасыларын әлеуметтік жеңілдіктермен қамту мәселелерін үнемі назарда ұстайды. Соған сай алғашқы жауынгерлік қызмет күндерінен бастап-ақ Республикалық ұланның әскери қызметшілері құрылымның жоғары мәртебесіне сай болуға, Президент – Жоғарғы Бас Қолбасшы қойған маңызды тапсырмаларды сапалы орындауға тырысып келеді.

Республикалық ұлан құрылғаннан бергі 19 жыл ішінде оның қатарында он мыңнан астам сарбаз әскери даярлықтан өтті. Олардың көпшілігі республикамыздың түрлі қуатты құрылымдарында қызметте. Қандай қызмет атқарса да, олар біздің құрылым қатарында бойларына сіңірген жауынгерлік қасиеттерімен, патриоттық сезімімен ерекшеленіп тұрады.

Республикалық ұланның командирлері элиталық құрылымның жоғары мәртебесіне сай болу үшін барлық күш-жігерін салады. Ұланның алғаш құрылған күнінен бастап осы уақытқа дейін жауынгерлік әзірлік жағдайына, командирлік және жауынгерлік даярлыққа, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысқа, әскери тәртіптің, заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуына, қарулану, техника мен тылдық қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша маңыз беріліп келеді. Бұл салалардың қарқынды дамуы – соғыс және төтенше жағдай режимі кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әрекет етуге деген жоғары жауынгерлік және шұғыл-қызметтік әзірліктің кепілі.

Республикалық ұлан сарбаздары мен сардарлары ел Тәуелсіздігінің жиырма жылдығын биік меже деп біледі. Олар осы уақыт ішінде жас мемлекет қол жеткізген жетістіктердің қадірін терең түйсінеді. Қарқынды даму үстіндегі зайырлы мемлекеттің бір бөлшегі ретінде Республикалық ұлан алдағы күндерге толағай мақсаттар қойып отыр. Жауынгерлер Елбасы мен халықтың қауіпсіздігі жолында аянбай тер төгіп, жоғары жауынгерлік әзірлікте болуды көздейді.

Тәуелсіздік жылнамасының бір саласы – қорғаныс пен қауіпсіздік туралы осылай деп ой түздік. Қазақ елінің маңызды бөлшегі, менің туған өңірім – Солтүстік Қазақстан облысында да Тәуелсіздік жылдары баянды бастамалар жүзеге асып жатыр. Өлке ел экономикасынан ойып тұрып орын алған. Ауыл шаруашылығындағы жетістіктері ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Өткен жылы астық жинаудан республика бойынша ең үздік көрсеткішке қол жеткізді.

Қызылжар жеріне барған сайын ел еңсесінің биік екенін, қызу еңбек үстінде екенін көріп, марқайып қайтамын. Бұл – облыс әкімі Серік Біләловтың, басқа да ел ағаларының білікті басшылығы, оңтайлы ұйымдастырушылығының жемісі. Лайым солай болсын!

Қазақстанның жаңа тарихындағы айтулы кезең – жиырма жылдық мерейтой қарсаңында Республикалық ұлан жеке құрамының атынан барлық отандастарымды, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарын құттықтап, елге амандық пен тыныштық, молшылық пен баянды болашақ тілеймін! Ардақты Отанымыздың бағы биіктей берсін!


Кеңес Одағының батыры
Жәлел ҚИЗАТОВ
Герой Советского Союза
(1920-1999)


90
ЖЫЛ


ӘБУ
ДОСМҰХАМБЕТОВ
1920 - 1943



ЕЛІМНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ҚУАНАМЫН

Тұрлыбек ӘБІЛПЕЙІСОВ,
Социалистік Еңбек Ері



Тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, азат ел атанғанымызға биыл 20 жыл толмақ. Тарих үшін қас қағымдай ғана аз уақыт болса да, халқымның аяулы азаматы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атқарған істері Қазақстанның қай саласында болсын ауқымды жетістіктерге қол жеткізгеніне қуанамын, әрі мақтанышпен айта аламын.

Меніңше, Тәуелсіздік дегеніміз – киелі сөз. Оның мағынасы да терең. Тәуелсіздік дегенде мен, алдымен, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды алаштың арыстарын еске аламын. Ал бүгінде Елбасымыздың орасан зор ұлылығы мен тектілігінің арқасында Қазақстанды төрткүл әлем халқы танып, біліп жатыр. Күні кеше ғана Астана қаласында болған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы Саммитінің жоғары дәрежеде өткендігін қалай мақтанып айтсаң да, жарасып тұр емес пе?! Ендігі мақсатымыз – бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан көріне білу.

Еліміздің одан әрі де өркендеп өсуі, дамуы, жаңа тарихымыздың жасампаз шежіресі халқымыздың бағына біткен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланысты болмақ. Тәуелсіздікке тек қана ынтымақтастығы жарасқан, тату-тәтті, ауыз бірлігі мықты ел ғана қол жеткізе алады. Тәуелсіздіктен қасиетті ештеңе жоқ. Тәуелсіздік жолында халқымыз ғасырлар бойы елім деп еңіреген талай ерлерінің бастарын құрбандыққа шалып, қан-кешті күрестер жүргізді.



Жиырма жыл ішінде көз алдымызда өткен ұмытылмас сәттерді саралап қарасақ, еліміздің ертеңі, болашағы үшін істелген елеулі, маңызы зор талай оқиғалар тарих беттерінен орын алары сөзсіз.


МӘДЕНИЕ


165

АСТАНАҒА ҚАРАП, БОЙ ТҮЗЕГЕН ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Хайни-Жамал МУСИНА,
Социалистік Еңбек Ері



Мен Қызылжар қаласында туып-өстім. Отбасымыздың үлкені болған соң бауырларыма ерекше қамқорлықпен қарап, анама қолымнан келгенше көмектесуге тырыстым. Бірлігі жарасқан шаңырағымызда осылайша тату-тәтті күндер кешіп жаттық. Бірақ, тағдыр деген тәңірдің тосыннан келіп, соққы жасайтынын ол кезде мен әлі білмеген едім. 1954 жыл менің өмірімді мүлдем басқа арнаға бұрып жіберді.

Ол кезде әкеміз Қызылжар түрмесінде қызмет етіп жүргендіктен, сотталған адамдарды Жалғызтаудағы колонияға апару сияқты жауапты міндеттерді атқарумен айналысатын. Қамқоршымыз да, қолдаушымыз да болған әкеміз осындай сапардың бірінде заңды белден басқан адамдардың қолынан қаза тапты. Шиеттей сегіз бала асқар таудай тірегімізден айрылып, зар жылап қала бердік. Бұған дейін бала тәрбиесі, үйдің күйбелең тірлігімен жүрген анамыз Фатима Ғарифуллақызы бала-шағаның қамы үшін клубқа күзетші болып орналасты. Сегіз баланы жалғыз асырап, жеткізу анамызға оңайға соқпады. Сондықтан да шығар, мені және екі інімді Новоникольское балалар үйіне орналастырды. Бауырларыммен бірге балалар үйіне түскен соң менің өміріммен қатар, есімім де өзгерді. Атымды айту қиын болды ма, әйтеуір, ұстаздар мен тәрбиешілер, одан қалды балалардың барлығы Галя деп атап кетті. Осындай жаңа есіммен мен өзімнің өмірімнің екінші кезеңіне аяқ бастым.

Жетінші сыныпқа дейін сол балалар үйінде оқыдым. Содан кейінгі білім жолымды облыс орталығындағы кәсіби-техникалық училищеде жалғастырдым. Үш жыл өзім таңдаған мамандығымның қыр-сырын меңгеріп, Жамбыл қаласына аттандым. Осы жерде құрылыс-монтаж басқармасына жұмысқа орналастым. Өзім қатарлас қызкеліншектермен қатар еңбек етіп, тәжірибе жинақтадым. Арада үш жыл өткен соң Қызылжарға қайтып оралып, “Петропавловскстройдеталь” тресінің № 72 жылжымалы механикаландырылған колоннасында сылақшылық жұмыспен айналыстым. Қазір айналама көз салсам, облыс орталығындағы мектептер, балабақшалар, мәдениет үйлерінен өз қолтаңбамды көріп, жастық шағыма оралғандай боламын.

Мен әрдайым өзіме жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқаруға тырыстым. Осындай ынта-жігердің арқасында шығар, небары жиырма бес жасымда сылақшы-сыршылар бригадасын басқару міндеті жүктелді. Жұмысқа ыңғайы бар бір топ қызкеліншектерден бригада құрып, ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін ерінбей еңбек еттік. Нәтижесінде жұмысымыздың жемісін көріп, 1979 жылы ғарышкер Юрий Гагарин атындағы Жұлдызды вымпелді жеңіп алдық. Арада екі жыл өткен соң жақсы көрсеткішпен топ жарып, Социалистік Еңбек Ері атағына ие болдым. Салтанатты жиында маған жоғары атақпен бірге “Волга” автокөлігінің кілті табыс етілді. Әрине, көп жылғы еңбегімнің бағаланғанына риза болдым. Бірақ бұл менің ғана емес, бригадамызда бел

жазбай қызмет еткен қыз-келіншектердің қол жеткізген жетістігі еді. Осыны ескере келе, “Бірлесіп көтерген жүгіміз ғой, жеңісті де бірге бөлісейік”, деген бұйымтайымды құрылыс тресінің басқарма бастығына айттым. Сөзім жерде қалмады, бригада мүшелерінің барлығы да бағалы заттармен марапатталды.

Ес білгелі еңбек етіп, қоғам өміріне белсене араласқандықтан, әр күнімді пайдалы іспен өткізуге тырыстым. Еңбек адамды шыңдайды, биік белестерге жетелейді.

Бүгінгі таңда халқымыздың ынтымақ-бірлігінің, өтпелі кезеңнің қиындықтарын жеңе білген қажырлы еңбегінің арқасында еліміз көркейіп, жұлдызы жарқырап тұр. Тәуелсіздік туын желбіреткен жиырма жыл ішінде қол жеткізген жетістіктер айтарлықтай. Қазақстан басқа елдермен терезесі тең мемлекет болды. Күні кеше елордамыз Астанада 56 елдің басшылары мен халықаралық ұйым өкілдерінің басын қосқан Саммит өтті. Бұл да еліміздің қарышты қадаммен алға басып келе жатқанының айшықты айғағы. Осының барлығы да – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының нәтижесі.

Сүйікті елордамыз – Астанаға қарап, бой түзеп келе жатқан Қызылжардың бүгінгі келбетін көңіліме медеу етемін. Туған қаламның өркендеуіне қолымнан келгенше өз үлесімді қосқанымды мақтан тұтамын.










КОМПЬЮТЕРЛЕР
fora
КОМПЬЮТЕРЛЕР • КОМПЬЮТЕРЫ
КРЕДИТ
30%
КОМПЬЮТЕРЛЕР НЕСИЕГЕ
КОМПЬЮТЕРЫ В КРЕДИТ
0%
09:00
19:00




ЦВЕТЫ




























ЛЫС ӘКІМІНІҢ СЫЙЛЫҒЫ
ІОДАРОК АКИМА ОБЛАСТИ







ҰЛЫ СЫННАН СҮРІНБЕЙ ӨТТІК

Мүтәллап ҚАНҒОЖИН,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,
Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы.



Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған еліміздің Тәуелсіздігі жайлы толғансам, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың дана басшылығымен Қазақстанымыздың жұлдызы жарқырап, дүниежүзі танып-мойындаған іргелі мемлекет болғанын көру бақыты бұйырғанына көкірегімді қуаныш кернеп, Аллаға тәубе деймін. Айналасы жиырма шақты жыл ішінде кешегі Кеңес Одағы күйрегеннен кейін ертеңгі күніне алаң болған жүзден астам ұлт пен ұлыстың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдырып, құлдыраған экономиканы қалпына келтіріп, өрлеу-өркендеу жолына түскен туған елімізге, елді алға бастаған еріміз – Елбасымызға қалай сүйінбессің?!!

Осы орайда Тәуелсіздік жолы даңғыл болмағандығы, осынау ұлы сында Президентімізге зор сенім артып, соңына ерген ел ішіндегі зиялы азаматтардың талай тайғақ кешулерден сүрінбей өту үшін бәрін ақылға салып, адал қызмет еткенін ешбір ұмытуға болмайды, әрине. Елдің шетінде, желдің өтінде тұрған біздің Қызылжар өңіріндегі жағдай тіпті күрделі еді ғой ол кезде.

...Бірде жұмыс аяқталып қалған кешкілікте кабинетімде жалғыз отыр едім.Телефон шылдырынан трубканы көтерсем, облыс әкімінің орынбасары Майра Қанафина екен. Ол Қызылжарға Жамбыл облысына қарасты Жаңатас қаласынан екі вагон жастар келе жатқанын айтты. Дауысында қобалжушылық байқалады.

– Олар не қылған адамдар екен?- дедім мен.

– Есіңізде болса, бұл азаматтар жуырда Орал қаласына барып, сондағы казактармен қақтығыса жаздаған. Енді сол жастар “Аттандап”, біздің қалаға келе жатыр. Оған себеп жуырда – Омбы теледидарының Мәскеуден берген өрескел хабары. Онда Сібір казактарының кругінен репортаж көрсетілген.

– Иә, ол хабарды бәріміз де көріп, жағамызды ұстағанбыз, – дедім мен.

– Ендеше, Жаңатас жастары Қызылжарды казактардан қорғаймыз, қаламызды, жеріміздің ешкімге бермейміз деп келе жатыр, – деді Майра Қажыбайқызы. Осыдан бірер жыл бұрын қаламызда казактардың қозғалысы байқалған. Мұнда да 1990-жылы казактардың кругі ұйымдастырылып, оған Сібір казактарының атамандары шақырылған. Бұл жиынға тек сібірліктер емес, Ставрополь, Орал, және Приднестровье казактарының басшылары қатысқан еді. Сол жиында бұрынғы облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі Ачкасов осы өңірдегі казактардың атаманы болып сайланған. Содан былай Қызылжар көшелерінде қылышын сүйреткен әскери киімді казактар көрінеберастаған еді. Ол ол ма, Ресейдің ала туын аспандата ұстаған олар облыстық әкімдік үйінің іргесінде митинг те ұйымдастырды. Онда казактар былай тұрсын, облыстық, қалалық кеңестердің кейбір депутаттары бірінен соң бірі шығып сөйлеп, егеменді еліміздің болашағына, Президентімізге сенімсіздік туғызып, тіпті өрескелдікке барып жатты. Аты шулы Б.Супрунюк пен оның жақтастары Петропавл – Ресейдің қаласы, оны Омбы облысына қосу мәселесін қолға алу керек деген сияқты сөздерді жиі

айтып, орыстар мен қазақтардың арасына араздық сынасын қағып, өсек-аяң таратып, неше түрлі пәлелерді үйіп-төгіп жатты. Қызылжарда өтіп жатқан ірілі-ұсақты митингілер мен жиналыстарға көршілес Омбы облысының журналистері келіп, бүкіл Ресейді көбіне жалған ақпарлармен хабардар етіп тұрды. Жамбылдық қазақ жастарының Қызылжарға келе жатуының сыры, міне, осында.

– Хош. Енді не істейміз?- деп сұрақ қойдым мен Майраға. Ол:

– Оларды қалайда Қызылжарға жеткізбей тоқтату керек сияқты. Жамбылдықтар мұнда келсе қантөгіс болады деп қорқамыз,- деді облыс әкімдігі атынан сөйлеп отырғанын сездіріп.

– Ондай жағдай болса, жамбылдық жастардың алдарынан мен шығайын, - дедім. – Қасыма бір-екі адам ала шығайын. Жалғыз кісіге "Аттандап" келе жатқан халықпен кездесу де, сөйлесу де жеңіл бола қоймас, – деп өз ойымды түсіндірдім. Ол қуанып кетті.

– Көлік болады. Менің машинам – сіздің қарамағыңызда -, деді.

– Белгілі журналист Мәлік Мұқановты және қоғамдық жұмыстардан бас тартуды білмейтін, беделді ағаларымыздың бірі Қарақан Сейітовті қасыма аламын, – дедім.

Қысқасы, кешкі сағат 19. 30 кезінде Қызылжардан Ақмола қаласына қарай "Волга" машинасымен жолға шықтық.

Алматы – Қызылжар пойызы ертең таңғы 9-да Ақмолаға келуге тиісті. Сол жолаушылар пойызына Жамбыл облысындағы Жаңатас қаласының жастары отырған екі вагон да тіркелген. Ойымыз – пойызды Ақмолада қарсы алып, келе жатқан жастармен кездесіп, әңгімелесіп, оларды қалайда қырғын-сүргіннен аман сақтап қалу.

Біз ертеңіне сағат 9 болмай, Ақмола қаласына жеттік. Бірден Ақмола облысы әкімінің орынбасары Светлана Жалмағамбетова ханымға барып, мән-жайды түсіндірдік. Ол қаладағы жазушыларды, журналистерді және мәдениет қызметкерлерін дереу жинады. Бәріне айтқан өтініші – бізге барынша көмектесу, Жаңатас жастарын Қызылжарға жеткізбей кейін қайтаруға күш салу.

Содан тура вокзалға тарттық. Алматы – Қызылжар пойызы да кешікпей келіп тоқтады. Қызылжардан келген біз де, ақмолалық азаматтар да Жаңатас жастары отырған вагондарға жапырласа міндік.

Амандық-саулық біліскеннен кейін жаңатастықтардың сапарының мақсаты жайында сұрастыруға көштік. Біз ойлағандай, олардың мақсаты Қызылжарға барып, ондағы казактарға тойтарыс беру болып шықты.

– Ел, жер деп келгендерің дұрыс. Ұлтжандылық танытып, қасиетті қазақ жерінің бір сүйемін де ешкімге бермейміз дегендеріңе қосыламыз. "Қазақстанның солтүстік шекарасына 80 танкімізді тартып қойдық. Басқа елдердей емес, бізге бұл елді басып алу оп-оңай", деп бөскен екен казактардың бір басшысы. Осындай қоқан-лоқыны естіген Қызылжар қазақтарының қандары қызбай, ызаға булықпай жүр дегенге кім нанады?! Бірақ шыдамдылық керек, ақылға салған жөн-, дейміз вагон толы жастарға. Олар біздің сөзімізге құлақ асар емес. Айтқан уәжімізге көнбек түгіл, сөзімізді тыңдамауға айналды. Байқауымша, әсіресе, қызкеліншектер жағы тым қызба.

– Сіздер өздеріңіз – сатқынсыздар, ата-бабаларымыздың білегінің күшімен, найзасының ұшымен қорғап, ұрпақтарына қалдырған жерін бөлшекке түсіріп, жауға бермекшісіңдер! – десті. Ызалы көздерінен жастарын сорғалатып, жер-жебірімізге жете айқайлағанда өзге жолдастарымды қайдам, өзімнің мысым басылып қалды.

"Біз осы, шынында да, кімбіз? Мына жастар кінәлап тұрғандай, сатқын емеспіз бе?" деген күмәнді ой да көкейге орала береді екен. Расында да, біздің кінәміз не? Бұлар қызбалыққа салынып, бастарын бәйгеге тікпесін, қанды қақтығыстан аман болсын деген ниет қой біздікі.

Мәлік жол бойғы стансалардан жастардың біздің сөзімізге көнбей келе жатқанын Қызылжарға хабарлап отырды.

Вагондағы жастардың киімдері тым жұпыны, ішіп-жеп отырғандары да – қара нан мен қара су. Осынау көрініс маған қатты әсер етті. Бұл не? Тәуелсіз ел боламыз, жұрт боламыз деп, еңсе көтеріп жатқан халықтың ұлттық намысының атойлауы ма? Үш жүз жыл бойы бөтен елдің табанының астында езілген жандардың жоталарын жазуы ма?

Ұлы Мағжанның "Мен жастарға сенемін!" дегені – көрегендік-ау! Осындай жастар тұрғанда ел болмауға қақың да жоқ!

Ақмолалық жігіттер Шортан стансасында түсіп қалды. Жастар ырық берер емес. Қарақан Сейітов ағамыз, Мәлік Мұқанов іні-

міз үшеуміз жаңатастықтарды үгіттей-үгіттей, Көкшетауға да келіп қалдық.

Көкшетауда біздің топқа облыстық партия комитетінің бұрынғы хатшысы Мәркен Ахметбеков пен облыстық "Қазақ тілі" қоғамының төрағасы Қосыл Омаров қосылды.

Жаңатас жастары алған беттерінен қайтар емес. Соған қарамастан, біз облыс басшыларымен телефон арқылы келісіп, Смирново стансасында жаңатастықтарды пойыздан түсіруге рұқсат алдық. Егер мейман-дар бұл ұсынысқа көнбеген жағдайда олар мінген вагондар составтан мүлде ағытып тасталатын болды. Содан кейін жолаушылардың барлығын автобустарға отырғызып, "Ленинский" кеңшарының балалар лагерінде дайындалған арнайы асқа алып бардық. Солтүстіккқазақстандықтар оларға құрмет көрсетіп, кейін қайтар жолдарына жетерлік азық-түлікпен қамтамасыз етті. Жастардың дені сол күнгі Алматы пойызымен елдеріне жүріп кетті.

Қызылжарда Жаңатас жастарының он шақты өкілі қалды. Олардың ойлары – істің анық-қанығына жету, қаладағы тіршілікті өз көздерімен көру, сөйтіп, кейін барлық мәнжайды жерлестеріне айтып жеткізу еді. Жаңатастықтар мен біздің келісіміміз солай болған. Тіпті оларға айтқан сөзімізде тұратынымызды айғақтайтын қолхат та бердік. Келісілгендей, мейман-дарға Қызылжарды аралатып, қаладағы тарихи орындарды көрсеттік. Қорытындысында облыс әкімдігінде олармен кездесу ұйымдастырылды. Оған облыс, қала қоғамдық ұйымдарының өкілдері жиналды. Республикалық, облыстық БАҚ-тардың өкілдері де қатысып, Жаңатас жастарына және оларды Ақмоладан бері қарсы алған бізге сұрақтарын қойды. Кейін олар республикалық, облыстық газеттерден, телерадиодан репортаждар, сұхбаттар, мақалалар берді. Әйтеуір, ел аман, жұрт тыныш.

Ал Қызылжарда ұлтаралық араздықты қоздыру әрекеттері одан әрі өріс ала бастады. 1994-жылдың 27-ақпанында Ресейдің "Орион" газеті С.Вакуновтың "Однажды мы можем проснуться в горячей точке!" деген мақаласына Ресей мен Қазақстан шекарасында болашақта соғыс болуы мүмкін аймақтардың картасын қосып шығарыпты. Мұндай ақпараттық шабуылдан кейін қарап отыруға тіпті болмайтын еді. Намысқа тырысып, Ресейдің "Вести" ақпарат бағдарламасының бас редакторына және оның орынбасарына да телефон шалып:

– Елді қорқытып-үркітпей, әуелі біздің Қа-



саябағы мен қалалық мәдениет және демалыс саябағын қайта жаңарту қалалықтарға үлкен тарту болды. Жеңіс саябағында тақырыптық пилондар, соғыс кезіндегі техниканың макеттері мен үлгілері орнатылып, стела жаңартылды, саяжол жасалып, ағаш отырғызылды. Республикамыздағы ең көне болып табылатын мәдениет және демалыс саябағында "Достық субұрқағы" ашылды, әлемдік және отандық әдебиет классиктерінің мүсіндері орнатылды.

"Жол картасы" бағдарламасын іске асыру аясында республикалық бюджеттен бөлінген 295,2 млн теңге қаражатқа әйгілі ботаникалық бағымыз – сирек кездесетін әсем де экзотикалық өсімдіктер бағы ("Қызылжар оранжереясы" МКҚК) қайта жаңартылды. Оны Елбасымыз көрген кезде жинақталған өсімдік түрлерінің байлығы мен көптігі жөнінен республикада еш теңдесі жоқ бақ деп атап өтті. Бүгінгі күні мұндағы 1,5 мың шаршы метр алаңда өсімдіктің 1000-нан астам түрі өсіріледі.

Петропавлдың біртұтас шаңырағы астында 70-тен астам ұлт пен ұлыстардың өкілдері бейбіт өмір сүріп, жасампаздықпен еңбек етуде.

Қала индустриясының жетекші саласы машина жасау болып табылады. Бұл саланың негізін бұрын "жабық өндірістер" деп аталған мамандандырылған конверсиялық өндірістер құрайды.

Қазіргі кезде "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ елдің мұнай-газ кешеніне арналған жабдықтарды өндіреді. Соңғы 13 жыл ішінде мамандандырылған техниканың 16 түрі шығарылды: ұңғыма бұрғылары, күрделі жөндеу және қызмет көрсетуге, мұнай шығаруға мамандандырылған 600-ден астам техника және 400-ден астам өңдеуші жабдықтар жасалды. Бұл – өз конструкторлық бюросын сақтап қалған бірден бір зауыт.

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында "ЗИКСТО" акционерлік қоғамында астық тасымалдауға арналған жабық хоппер-вагон және мамандандырылған платформа (контейнер тасығыш) жасау жобалары іске асырылды. Мұндай вагондар өндірісі еліміз бойынша тұңғыш рет біздің қаламызда қолға алынды. "Мұнаймаш" акционерлік қоғамында ұңғыма сорғылар өндірісі игерілді.

"Киров атындағы зауыт" АҚ ұжымы теміржол кешеніне арналған жабдықтарды және құралдарды сериялық шығаруды іске асырды. Олар – "КЛУБ-У", "КЛУБ-УП" үлгісіндегі кешенді локомотив қауіпсіздік құрылғылары және "РС-46МЦ" сиплексті радиостанциялар. Кәсіпорын эфирлік және сандық спутниктік теледидарға арналған жабдықтар кешені өндірісін ұйымдастырумен де айналысу үстінде.

Тәуелсіздік жылдарында қаламызда жаңа машина жасау кәсіпорындары құрылды: мұнай шығарушы жабдықтарға, жүк вагондарына қажет қосалқы бөлшектерді шығаратын "Поиск" венчурлік фирмасы" ЖШС, "Қазмұнайгазмаш" АҚ, «Ремплазма" ЖШС, "Прометей" ЖШС, "Көп бейінді жабдықтар зауыты" ЖШС, "Трибо" ЖШС және т.б.

Дайын металл бұйымдарын өндіру саласының жетекші кәсіпорындары ретінде "Петропавл құбыр зауыты", "Тез тұрғызылатын ғимараттар және құрылыстар зауыты", "Петропавл құрылыс материалдары зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерін айтуға болады.

Өткен кезеңде құрылыс материалдарын өндіретін бірқатар жаңа кәсіпорындар ашылды: "Блок" ЖШС, "Изолит" ЖШС, "Петропавл полимер материалдары зауыты" ЖШС, "Единство" ЖШС, "Гедеон" ҚТ" ЖШС, "Доломит" ЖШС, "Құрғақ көбікбетон қоспалары зауыты" ЖШС.

Тамақ өнеркәсібінде де жаңа өндірістер ашылып, олардың өнімдері бүгінде қалалықтардың кең сұранысына ие және облыстан тысқары жерлерге де жөнелтілуде. Олар – "Сұлтан ЭММК" АҚ, "Сұлтан кондитерлік өнімдері" АҚ, "Богатырский продукт" ЖШС, "Компания максимальный размах" ЖШС, "СБИ-АГРО" ЖШС, "Фрегат" ЖШС, "Қазет-өнімі" ЖШС, "Петропавл Бойко ет комбинаты" ЖШС, "Леонтьев ет комбинаты" ЖШС, "Олжас" ЖШС, "Аделаида" ЖШС, "Люминас" ЖШС, "DEZ" ЖШС, "Кондитер макс" ЖШС, "Петропавл бройлер фабрикасы" ЖШС және т.б. Қала кәсіпорындарының өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1996 жылғы 8 млрд. теңгеден 2010 жылғы 51 млрд теңгеге дейін артты. Бөлшек сауда тауар айналымы 6,6 млрд теңгеден 45,4 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.


КАЗАҚСТАН ПЕТРОПАВЛ





Орташа айлық номиналды еңбекақы 8,5 есе көбейіп, қазір ол 61 мыңнан астам теңгені құрады. Жұмыссыздар саны 1,5 есе азайды. Қалада демографиялық жағдай айтарлықтай жақсарды: 1996 жылы табиғи кему көрсеткіші 1402 адамды құраса, соңғы үш жылда табиғи өсім байқалып, 2010 жылы ол 257 кісі болды.

Кейінгі жылдары жолаушылар көлігі паркі қыруар жаңартылды. Телефондандыру тығыздығы бойынша елдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі (100 тұрғынға 42,6) – Петропавлда. Оптикалықталшықты байланыс арналарын енгізу арқасында қалалықтарға Интернетке кең жолақпен кіру қызметін пайдалану мүмкіндігі туғызылды.

Тәуелсіздік жылдарында қаланың әкімшілік шекарасы кеңейтілді: Үкімет қаулысымен Петропавл қаласының шекарасы және табиғи аймағын пайдалану тәртібі бекітілді. Қазіргі кезде “Солнечный” кенті (сол жағы), “Юбилейный” тұрғын алабы құрылыс салумен қамтылған. “Орман”, “Береке” ықшамаудандарын игеру жалғасуда, “Южный”


ВОКЗАЛ
ОМСК
П-ПАВЛОВСК
ЭД4М
0079




اَللّٰهُمَّ افْتَحْ لِيْ اَبْوَابَ رَحْمَتِكَ


ҚАЗАҚСТАН-МЕНІҢ ОТАНЫМ !

АСТЫҚТЫ АУДАН АЛҒАН АСУЛАР



Марат ТАСМАҒАНБЕТОВ,
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның әкімі

Еліміздің ең ірі астықты алқабы, дамыған автомобиль жолдары, темір жол көлігі, әлеуметтік инфрақұрылымдары бар Ғабит Мүсірепов атындағы аудан экономикалық өсудің үлкен әлеуетіне ие және Солтүстік Қазақстан облысының серпінді дамып келе жатқан өңірлерінің бірі саналады. Оған жан-жақты мемлекеттік қолдаудың арасында ауданның негізгі саласы болып табылатын аграрлық секторда қол жеткен жетістіктерді дәлел етуге болады.

Қазіргі уақытта аудандағы машина-трактор паркінің 90 пайызы жаңартылды. Ауыл шаруашылығы құрылымдары 22,2 млрд теңгеге 1092 бірлік заманауи техникалар сатып алды, ол технологиялық операциялардың 80 пайызға жуығын жоғары сапамен жүргізуге, еңбек өнімділігін арттыруға, дәнді және басқа дақылдар өндірісінде ылғал қорын сақтау технологияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев астық өндірісін ұлғайтып, Қазақстанды астық экспорттайтын әлемдегі алдыңғы бес елдің қатарына енгізу жөнінде алға қойған міндетті жүзеге асыру үшін ауданда егістік мәдениетін көтеру, оның негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын топыраққа минералдық тыңайтқыштар сіңіру көлемін арттыру, 5 тұқым және элиталық тұқым шаруашылығы өндіретін тұқым сапасын жақсарту жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізіліп келеді. Аудан агроқұрылымдары тыңайған жерлерді игеру және түпкілікті жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыруда. 2007-2010 жылдары қосымша 62,9 мың гектар алқап ауыспалы егіске енгізілді. Тыңайған жерлерді игергені үшін ауданымыз Қазақстан Республикасы Жер қорларын басқару жөніндегі агенттіктің Құрмет грамотасымен марапатталды. Осылайша аудандағы егістік алқабы 1991 жылмен салыстырғанда 5,2 пайызға көбейіп, 733,8 мың гектарды құрады, ал ауыл шаруашылығы дақылдарынан жиналатын жалпы өнім 44,8 пайызға артты.

Облыс әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Білялов өңір аграрлық кешенінің алдына қойған басым бағыттардың бірі – астықтың сақталуы мен өңделуін қамтамасыз ететін астық қабылдау кәсіпорындарының қуатын арттыру. Бұл өзекті мәселе ауданымызда ойдағыдай шешімін табу үстінде. Соңғы жылдары “Тұқым”, ”Аманат ЛТД”, ”Атамекен - Астық” ЖШС-лары жалпы сыйымдылығы 65,5 мың тонна болатын шағын элеваторларды іске қосты. 2010 жылы Бірлік ауылында ”Әліби - Ишим” ЖШС-і 20 мың тонналық астық сақтайтын қойма, Новоишимка ауылында ”Ақ нан-Север” ЖШС-і 6 мың тонналық шағын элеватор салды.

Ауданымызда мал басының өсуі,оның өнімдерін өндіру ұлғайып келеді. Осы саланы дамыту бағдарламасында 350 сауын сиырға, 500 бас етті малға, 500 бас қойға және 200 жылқыға арналған кешендер, 350 басқа арналған шошқа фермасын салу жоспарланып отыр. Жұқпалы ауруларды алдын алу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауданда мал сою қосыны, 16

мал сою алаңы салынды, 6 ветеринарлық дәріхана жұмыс істейді.

Ауданымызда мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу де дамып келеді. “Клименко”, ”Ищенко” жеке кәсіпорындары шұжықтардың, сүрленген тағамдардың, жартылай фабрикаттардың бірнеше түрін шығарады. Осындай өнімдердің жылдық көлемі 400 тоннаны құрайды. “Викос” ЖК жылына 250 тоннадай сүт жинап, оны өңдеуден өткізеді, май мен ірімшік өндіреді. Кәсіпорынның өнімі 2009 жылы Австрияның астанасы Венада “Европа сапасы” белгісімен және дипломымен марапатталды.

Шағын және орта бизнес те өркен жайды. 2011 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша ауданда 1063 кәсіпкерлік субъектісі бар. Сауда, қоғамдық тамақтану орны, шаштараз, техникалық қызмет көрсету станциясы, ағаш өңдеу цехы, киім пішу және жөндеу қосыны, тәулігіне 2 тонна нан-тоқаш өнімдерін шығаратын “Асыл дән” наубайханасы сияқты 18 жаңа нысан ашылды. Алаңы 1500 шаршы метрлік заманауи “Нұрсат” сауда кешені, “АЗКО” ЖШС-нің тәуліктік қуаты 120 тонна диірмен кешені пайдалануға берілді, “Чолоян” ЖК “Тобыл” ӘКК ҰК-мен бірлесіп, асфальтбетон қосындысын өндіру жөніндегі жобаны жүзеге асырды.

Бизнестің дамуына қаржылық қызмет көрсету саласының кеңеюі септігін тигізуде. Ауданымызда төрт банктің құрылымдық бөлімшелері, 22 шағын кредит ұйымдары, “Бірлік” АКС-і жұмыс істейді. Елді мекендерге 5720 карточка ұстаушыларға қызмет көрсететін 4 банкомат пен 8 посттерминал орнатылды.

Мемлекеттік “Ауыз су” бағдарламасын жүзеге асырудың арқасында 2005-2010 жылдар аралығында ауылдықтарды сумен қамтамасыз ету жағдайын түбірімен өзгертуге мүмкіндік туды. Осы кезеңде су құбырлары желісін салу және қалпына келтіру жөніндегі ірі жобалар жүзеге асырылды. Тек Новоишимка ауылында ғана 50,9 шақырым су құбыры қалпына келтірілді. Рузаевка және Чистополье ауылдарына су құбырлары тартылды. Ауданның 5 елді мекеніне жергілікті сумен жабдықтау желілері







салынды. Буденное және Нежинка ауылдарында су тарату желілерін қалпына келтіру жүргізілді. Бұл жұмыс әрі қарай жалғастырылатын болады. Биыл Дружба ауылында жергілікті су жүйесінің құрылысы басталады.

Ауданымызда қаржыландырудың әр түрлі көздерін пайдалану арқылы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы дәйекті түрде іске асырылуда. 2005-2010 жылдары ауданда 12 пәтерлік коммуналдық тұрғын үй, шаруашылық субъектілерінің күшімен 168 пәтер және 396 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. 2011 жылы жалпы алаңы 1573 шаршы метрлік 18 пәтерлік тұрғын үй іске қосылады, оның құрылысы аяқталуға таяу. Бұған қоса Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында 37 жеке тұрғын үйді аяқтау жоспарланып отыр.

Білім беру жүйесін жетілдіру, оқу сапасын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан шаралар да аз емес. 2005 жылы 160 орындық Березовка орта мектебі салынды. Өткен жылы “100 мектеп, 100 аурухана” бағдарламасы бойынша Пески ауылында осызаманғы стандарттарға толық сай келетін 250 орындық мектеп үйі пайдалануға берілді.

Оқу орындарының материалдық негізі де нығая түсуде. Соңғы он жылдың ішінде мектептерге 17 лингафон-мультимедиа, 18 физика, 13 биология, 3 химия кабинеттері, 14 интерактивті құрал-жабдықтар, 479 компьютер сатып алынды. Барлық мектептер телефон байланысымен қамтылған, алты білім мекемесі “ОкуNet” ақпараттық білім беру желісіне қосылған.

Президенттің “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!” Жолдауында 2015 жылға дейін балалардың 74 пайызын мектепке дейінгі оқумен және тәрбиемен қамту міндеті қойылған. Ал біздің ауданымыздағы балалардың мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуы қазірдің өзінде 78 пайызды құра-



КЕЛЕШЕККЕ НЫҚ СЕНІММЕН

Қанат ҚАЛИЕВ,
Мамлют ауданының әкімі



Біздің ауданның аттас әкімшілік орталығы – Мамлютка қаласының тарихы сонау 1786 жылдан басталады. Сол кезде жаңа тұрмыс құратын жер мен еркіндік іздеп, Қызылжар өңіріне Қазан губерниясынан Мамлют деген шал көшіп келеді. Сібір тракты бойынша ұзақ та қиын жолды өткен соң орманды даладағы Глубокое көлінің жағасында келешекте Мамлютка деп аталатын мекеннің негізін қалайтын алғашқы жер үйін салған. Ал 1969 жылдың 7 шілдесінде қала тұрпатты Мамлютка кентіне қала мәртебесі берілді.

Ауданымыз тәуелсіз мемлекет құрудың қиын жылдарын бастан өткеріп, экономикасы нығая түсті, тұрғындарының да әл-ауқаты жылдан-жылға артып келеді. Тиімсіз шаруашылықтарды қайта ұйымдастыру және ірілендіру нәтижесінде 56 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, 2 коммандиттік серіктестік, 198 шаруа және фермерлік қожалықтары жұмыс істейді.

Егіс алқаптарын кеңейту, агротехникалық іс-шараларды толық және сапалы жүргізу ауылшаруашылық дақылдардың шығымдылығын арттыруға мүмкіндік берді. 1999 жылдан бастап бидай түсімінің өсімі байқалады.

Аграрлық секторды техникалық қайта жабдықтауға жете көңіл бөлініп, 2004 жылдан бері 2 млрд теңгеден астам қаржыға 259 жаңа техника сатып алынды.

"Мамлют ұн үгу комбинаты" ЖШС ауданның өнеркәсіп өнімінің негізгі өндірушісі болып табылады. Оның өндірістік қызметінің негізін диірмен кешені, элеватор және кешенді-механикаландырылған қоймалар құрайды. Өнімділігі тәулігіне 250 тоннаны құрайтын диірмен кешені "Бюлер" швейцар фирмасының жоғарыөнімді жабдығымен шығысы 77 пайызды құрайтын сұрыпты ұн шығарады. Бұдан басқа диірмен кешені қосымша 30% қапталған ұн өндіруге мүмкіндік беретін "ИТАЛПАК" фирмасының ұнды қаптаумен айналысатын, жоғарыөнімді италиялық желімен жабдықталған. Өнім өңдеуден басқа диірмен зауытында бидайдың дәнін іріктеу және одан май алу жұмысы жүргізіледі. Өндірілетін ұнның негізгі көлемін кәсіпорын Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақтарына, Өзбекстанға, Тәжікстанға, Ауғанстанға және оңтүстік-шығыс Азия елдеріне жөнелтеді.

2008 жылы аталмыш кәсіпорында пропилен қаптарын шығаратын цех салынып, пайдалануға берілді.

Ауданымызда 2003 жылдан бастап тұрғын үй құрылысы айтарлықтай жандана түскені байқалады. Пайдалануға берілген тұрғын үйлер көбейді. Жас мамандар мен оралмандар отбасыларын коммуналдық тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 2006 жылы 7 млн теңгеге 2 үй салынды. 2008 жылы 52,8 млн теңгеге 5 үй салынып, үшеуіне оралмандар отбасылары енгізілді. Бұған қоса 2006 жылы "Мәмбетов және К" коммандиттік серіктестігі 4 үй тұрғызып, өз жұмысшыларына жеңілдіктермен берді.

Әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық нысандарды салып, дамыту бағдарламасы аясында 2004-2010 жылдар аралығында 10 дүкен, шаштараз, нотариустың кеңсесі, 2 қоғамдық тамақтану орны, кемпинг, Новомихайловка ауылында дәрігерлік амбулатория, авто-газбен жабдықтау бекеті, жо-

ды. Бұл – мақсатты да жоспарлы жұмыстың нәтижесі. Мысалы, 2007 жылы аудан орталығында 75 орындық "Ақбота", 2008 жылы Рузаевка ауылында 75 орындық "Ақ ниет" балабақшалары ашылды. 2010 жылы "Балапан" бағдарламасы бойынша Новоишимкада 100 орындық "Айгөлек" балабақшасы жұмыс істей бастады. Бұлардан басқа 2009 жылы жалпы білім беретін мектептердің жанынан 21 шағын орталық ашылды. Өткен жылы "Балапан" бағдарламасы бойынша 9 шағын орталық құрылды, сондай-ақ, 11 шағын орталық кеңейтілді.

Адам мен оның денсаулығы – еліміздің басты байлығы. Медициналық қызметтің сапасын арттыруға, денсаулық сақтау мекемелерінің жұмысын жақсартуға байланысты мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлық біздің ауданда да оң нәтижелерге қол жеткізуде. Атап айтқанда, ауылдық медициналық қосындар жаңа құрал-жабдықтармен толықтырылды, дәрігерлік амбулаторийлер мен фельдшерлік-амбулаторлық қосындардың телефон байланысымен қамтылуы 100 пайызды құрайды. Тек 2010 жылы ғана ауданымыз 27,7 млн. теңгенің құрал-жабдықтарын, соның ішінде,1,4 млн теңгеге стоматологиялық қондырғы, 8,9 млн теңгеге жаңа туған нәрестені жасанды дем алдыратын аппарат алды.

"100 мектеп, 100 аурухана" мемлекеттік бағдарламасы бойынша бір ауысымда 90 адамды қабылдайтын емханасы бар 100 орындық ауданаралық туберкулезге қарсы диспансердің құрылысы аяқталып келеді. Денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесіне сәйкес аудандық орталық ауруханамен байланыстыратын телемедициналық желіге қосылды.

Емдеу мекемелерін дәрігерлермен қамтамасыз ету, аурулардың алдын алу және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету сапасын жақсарту мәселелері жоспарлы түрде шешілуде. Осының бәрі оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді: туберкулезбен ауыратындар саны азайды, аналар өлімі жойылды, бала туу көбейді.

Ауданымызда 260 спорт нысаны бар, олар – спорт залдары, футбол алаңдары, хоккей корттары және т.б. Он мыңнан астам тұрақты мүшесі бар 82 дене тәрбиесі ұжымы жұмыс істейді. Спорт базасын нығайтуға шаруашылық субъектілері де қомақты үлес қосып келеді. Тек өткен жылы ғана солардың күшімен 7 хоккей корты салынды, 1,2 млн теңгенің 475 спорт киімдері сатып алынды. Шаруашылық басшысы спортқа ерекше мән беретін "Нежинка-Ерке" ЖШС-нде 6 млн теңгеден астам қаражатқа стадион қалпына келтірілді, 4 спорт алаңы жасалды, 4 млн теңгенің спорт рингі сатып алынды. Аудан орталығында 2 млн теңгеге балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спорт залы күрделі жөндеуден өткізілді. Үстіміздегі жылы аудандық стадион толық жөнделеді, оған жергілікті бюджеттен 35 млн теңге қаражат бөлінді.

Этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту жолында 25 этномәдени және 18 діни бірлестік қомақты жұмыстар атқарып келеді.

Адамдардың рухани дамуына бағытталған жұмыстарды 22 клуб мекемелері атқарады. 2007 жылы Рузаевкадағы Мәдениет үйі қалпына келтірілді. 2008 жылы Володарское елді мекенінде "Береке-Агро" ЖШС-нің қаражатына ауылдық клуб салынды. 2009 жылы Чистопольедегі Мәдениет үйі мемлекет меншігіне қайтарылды, қазір оған күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. 2010 жылы аудандық Мәдениет үйінде тарихи-өлкетану мұражайы ашылды. "Золотые россыпи" көркемөнерпаздар ұжымы облыстық "Славянский перезвон" фестивалінің бірнеше дүркін жеңімпазы атанды.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын мерекелеу аясында Петропавл және Көкшетау қалаларының және Шал ақын, Қызылжар, Мамлют, Жамбыл және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандардың ақындарының қатысуымен өңірлік айтыс ұйымдастырылды, 385 адамның қатысуымен аудан жастарының "Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі" атты марафон-эстафетасы мәре алды. Петропавл қаласы мен 13 аудан өкілдері қатысқан Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқушылардың облыстық іріктеу жарысы біздің ауданда өтті.

Еліміздің Тәуелсіздігінің арқасында ұлы жазушы жерлесіміз Ғабит Мүсіреповтің есімімен аталған біздің аудан еңбеккерлерінің кейінгі жылдары қол жеткізген жетістіктері аз емес. Тұңғыш Президентіміз, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың даналықпен жүргізіп келе жатқан саясатына өткен президенттік сайлауда бір кісідей қолдау білдірген мүсіреповтіктердің алдағы уақытта әлі талай биік асуларды бағындыратынына сеніміміз зор.

АЗАТТЫҚ АРАЙЫМЕН АЖАРЛАНҒАН АҚЖАР



Ағзам ТАСТЕМІРОВ,
Ақжар ауданының әкімі

Біздің Ақжар ауданы ел Президентінің Жарлығымен бұрынғы Көкшетау облысына қарасты Ленин және Ленинград аудандарын біріктіру арқылы 1997 жылы 2 мамырда құрылды. Алғашқы жылдары әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жөнінен облыс бойынша ең артта қалған аудандардың бірі саналған өңір Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемеңгерлік саясатының арқасында 13 жылдың ішінде көшін түзеп, алдыңғылар қатарына қосылуға зор ұмтылыс таныту үстінде.

Аудан халқының 85 пайызын байырғы тұрғындар – қазақтар құрайды және олармен бірге өзге 15 ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

Аудан экономикасының негізгі саласы – ауыл шаруашылығы, оның ішінде егін шаруашылығы қарқынды дамып келе жатыр. Айталық, аудан құрылған жылы 150 мың гектардан сәл ғана асатын жерге егін ексек, бүгінгі уақытта дәнді дақылдар алқабы 2 еседен аса ұлғайтылып, 330 мың гектарға жеткізілді. Бұл, әрине, мемлекеттің аграрлық саланы қуатты қолдауының арқасында жаңа ғылыми жетістіктер мен технологияларды өндіріске енгізудің, осызаманғы техникалармен жарақтандырудың нәтижесі. Кейінгі 7-8 жылдың ішінде аудандағы машина-трактор паркінің 80 пайызы жаңартылды. Осы жылдар ішінде барлығы 6 млрд. 447 млн теңгенің 400-ден астам жаңа ауыл шаруашылық техникалары сатып алынды.

Кеңшарлар мен ұжымшарлар тарап, нарықтық экономикаға көшкен жылдары мал басы күрт азайып, 1997 жылы барлық түліктің саны 40 мыңды әрең құраған еді. Содан бергі уақытта жекеменшік сектордағы және шаруашылықтардағы мал басының саны артып, 2011 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша барлық түліктің жалпы саны 59 мың басқа жетті. Бүгінде Дәуіт ауылындағы түйе, жылқы, ақ бас сиыр және қой өсіріп отырған "Ахмеджанов" ШҚ облыстағы ірі шаруашылықтардың бірі саналады. Осындай мал өсірумен Ақжарқын ауылындағы "Данил", Кеңащыдағы "Алдаңғоров" және "Дархан" шаруа қожалықтары да айналысуда. Жылқы саны да өсіп, 9 мыңнан асты.

Ауданның өнеркәсіп саласы да соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге жетті. Атап айтсақ, 2005 жылы қиыршық тас өндіретін "Диорит ЛТД" ЖШС іске кірісті. 2009 жылы мамыр айында сағатына 140 тонна тас өндіретін, құны 874,8 млн теңгенің финляндиялық жаңа құрал-жабдығы іске қосылса, 2010 жылы ауданымызда индустриялық-инновациялық бағдарламаға сәйкес 3 ірі жоба пайдалануға берілді. Оларға салынған инвестицияның жалпы көлемі 2,5 миллиард теңгені құрады және 140 жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылды.

Жобалардың бірі – Ленинград ауылындағы қиыршық тас өндіретін "Шунгит" ЖШС бүгінгі күні толық қуатында жұмыс жасауда.

Мұнда өндірістік қуаты сағатына 275 тонна құрайтын швециялық құрал орнатылған. Жарты жылда 40 мың шаршы метр қиыршық тас өндірілді. Дайын өнімдерге сұ-





супермагистралдің өтуі арқасында елді мекендердің барлығы байланыстың сандық арналарына қосылды. 43 елді мекен түгел телефондандырылған. Телефон желісіндегі телефон аппараттарының саны 1991 жылғыға қарағанда екі есе өсті. Сымсыз байланыс табысты дамуда. Ауданда 12 телефон станциясы, соның ішінде 5 сандық станция жұмыс істейді. Барлық денсаулық сақтау және білім мекемелері телефондандырылған, Интернетке және “OkyNet” жүйелеріне шыға алады, “Интерактивті тақта” бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Соңғы жылдары 25 интерактивті тақта, 12 мультимедиялық-лингафондық кабинеттер, 19 биология және физика кабинеттері сатып алынды.

лаушылар терминалы, мемлекеттік тілде оқытатын 400 оқушыға арналған және 200 орындық жатын корпусы бар мектеп-интернат салынды, оның құрылысына мемлекет қазынасынан 1,5 млрд теңге қаржы бөлінді.

Қазір аудан экономикасында көлік кешенінің рөлі ұдайы өсу үстінде. Автомобиль көлігімен тасымалдау қарқыны жедел арта түсуде. 16 автобус бағыты бойынша жолаушылар тасымалдау жолға қойылды, бұл 1998 жылмен салыстырғанда 70 пайызға артық.

Аудан аумағынан Ұлттық ақпараттық

Аудан халқына 37 емдеу-алдын алу мекемесі медициналдық қызмет көрсетеді. Соның ішінде аудандық орталық аурухана, 6 дәрігерлік амбулатория, 4 фельдшерлік-акушерлік қосын және 26 медициналық қосын, 26 дәрігер және 155 орта медициналық

раныс бар. Ресейдің Омбы облысымен келісімшарт жасалған. Жұмысшылар саны – 20 адам.

Сондай-ақ 2010 жылғы шілде айында "Ақтөбе Гласс" ЖШС инвестиция көлемі 1 млрд 200 млн теңгені құрайтын, кварц құмын өндіруге арналған кен-байыту фабрикасының технологиялық желісін пайдалануға берді. Бұл кәсіпорын экологиялық таза, байытылған кварц құмын өндіреді. Бүгінгі күні мұнда 20 адам еңбек етуде.

"Еңбек нан" ЖШС 60 мың тонналық қосымша элеватор құрылысын салды. Онда астық өнімдерін қайта өңдейтін канадалық құрал-жабдықтар орнатылған.

Жоғарыда аталған жобалар жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтумен қатар аудан бюджетінің кіріс бөлігін толтыруға да айтарлықтай үлес қосуда.

Ендігі кезекте алда тұрған міндеттердің бірі мал өнімдерін ұқсату өнеркәсібін жандандыру болып отыр. Бұл бағытта да тиісті жұмыстар атқарылып, қазір 3 ірі жобаға қаржыландыру институттарында сараптама жасалуда.

Тұңғыш Президентіміздің жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларына сәйкес әлеуметтік саланы дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Барлық елді мекендер білім беру мен денсаулық сақтау мекемелерімен қамтамасыз етілген. Жыл сайын 4-5 мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 20-30 млн теңге қаражат жұмсалуда. Барлық мектептердегі компьютер сыныптары Интернет және OkyNet жүйесіне қосылған. Жыл сайын арнайы жасақталған лингафон, мультимедиялық, физика, химия, орыс тілі, қазақ тілі кабинеттерінің саны артып келеді. 2005 жылы Талшық және 2007 жылы Ленинград ауылдарында балабақшалар пайдалануға берілді.

2007 жылы "100 мектеп, 100 аурухана" бағдарламасы аясында біздің аудан орталығы –Талшықта 1 млрд 200 млн теңге көлеміндегі республикалық бюджет қаражаты есебінен 100 төсекті және бір ауысымда 200 адам қабылдайтын жаңа аурухана кешені салынып, іске қосылды. Мақтануға тұратын мұндай емдеу мекемесі бұрын-соң-







ды ешқандай ауылдық жерде болған жоқ.

Аудан орталығында 400 орындық жаңа стадион бой көтеріп, 2007 жылғы жазғы облыстық спартакиада ойындары жоғары деңгейде өткізілді.

"Таза ауыз су" бағдарламасы бойынша 2007-2009 жылдары бюджет қаражатына Талшық, Ленинград және Совхоз ауылдарында су құбырлары іске қосылды. Новосель, Горький, Ұялы, Май, Алқатерек, Восход ауылдарының тұрғындары осы кезеңде пайдалануға берілген жергілікті сумен қамтамасыз ету жүйелерінің игілігін көріп отыр.

Аудан орталығында бұрын қаңырап бос тұрған екі қабатты ғимарат танымастай өзгертіліп, халыққа қызмет көрсету орталығы болып ашылды.

Жаңа жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлерге көмек көрсету мақсатында ауданда кәсіпкерлікті дамыту көрсеткіштерінің мониторингі тұрақты жүргізіледі. Үстіміздегі жыл басында Ақжар өңірінде 729 шағын кәсіпкерлік субъект, оның ішінде 386 жеке кәсіпкер, 73 заңды тұлға, 270 шаруа қожалығы тіркелді. 373 инфрақұрылым нысандары халыққа қызмет көрсетеді. Олар:





қызметкерлер жұмыс істейді. Тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасы жақсартылуда.

Ауданға қызметке шақырылған медицина мамандарына тұрғын үй беріледі және көтермеақы төленеді (орта буын медициналық қызметкерлерге 50 мың теңге, дәрігерлерге 200 мың теңге мөлшерде). 2010 жылы ауданға 3 дәрігер және 8 орта медициналық қызметкер келді, медициналық академиялардың үш студентімен келісімшарттар жасалды. Медициналық санитарлық көлікпен қамтамасыз ету 100 пайызды құрайды.

Мамлюттіктер спорттың 27 түрімен шұғылданады. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде жалпы саны 404 адамды қамтитын 34 топ жұмыс істейді. Сыныптан тыс жұмыстың арқасында спорттың ұлттық түрлері де жақсы дамыған (қазақша күрес, тоғыз құмалақ, бес тас).

Ауданымыз Ресей Федерациясымен шекаралас аймақта болғандықтан, Қорған облысының Макушин, Петухов аудандарының және Түмен облысының Қазан ауданының тұрғындарымен қалыптасқан тату көршілік қарым-қатынастар әлеуметтік салада ғана емес, сонымен қатар экономика саласында да ынтымақтастық жасауға мүмкіндік береді. Мамлюттіктер делегациясы көршілестер өңірлерде өткізілетін мәдени іс-шараларға үнемі қатысады.

2002-2010 жылдарға арналған “Ауыз су” бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесінде тұрғындар пайдаланатын ауыз судың сапасы жақсартылды. Осы бағдарламаны іске асырған жылдары Ленин, Чистое, Белое, Покровка, Михайловка, Меңкесер, Қызыләскер ауылдарында 7 жергілікті су көздері пайдалануға берілді, 5 ауыл – Бостандық, Новомихайловка, Становое, Владимировка, Воскресеновка магистральды су құбырына қосылды. Мамлютка қаласы бойынша су тарату жүйелері, Дубровное, Афонькино, Новоукраинка, Пробуждение, Меңкесер, Токаревка ауылдарындағы су құбырлары жаңартылды, Краснознаменное, Калугино, Беловка елді мекендерін жерасты суларымен қамтамасыз ету үшін су ұңғымалары орнатылды.

Тоқсаныншы жылдардың соңынан бастап жұмыспен қамтылған халық санының тұрақты өсуі байқалады. 2010 жылдың 1 қазанына жұмыспен қамтылған тұрғындар саны

сауда кәсіпорындары, қоғамдық тамақтану орындары, жөндеу шеберханалары, шаштараздар, фотосалондар, дәріханалар, қонақүйлер, көлік қызметі және тағы басқалар. Әрбір елді мекендегі тұтынушылардың күнделікті сұраныстағы тауарлардың барлық түрін сатып алуға мүмкіндігі бар.

Кәсіппен айналысам деушілерге жер учаскелері еш кедергісіз бөлініп, коммуналдық меншіктегі ғимараттар сенімді басқаруға берілуде. Өз кезегінде кәсіпкерлер де ауданның дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Жыл сайынғы есептік кездесулерде тұрғындар қоятын сұрақтардың көбі телефон байланысы туралы болатын. Сол себепті "Қазақтелеком" АҚ-ның аудандық бөлімшесі елді мекендерді телефон байланысымен қамтамасыз етуде көп жұмыс атқарып, бүгінде 100 пайыздық көрсеткішке жетіп отыр.



Биылғы жылы Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай аудан орталығы Талшық ауылында 13,4 млн теңге жергілікті бюджет қаражатына салынған сапаржай пайдалануға беріліп, демеушілер есебінен ауған жауынгерлеріне арналған стелла ашылды.

Мүлдем ұмытыла жаздаған салт-дәстүрлеріміз қайтадан жаңғырып, халқымыз тілі мен дініне қайта бетбұрыс жасап жатқан уақытта демеушілер қаражатына Талшық ауылында 250 орындық, Алқатерек ауылында 200 орындық жаңа мешіттер салынып, елді мекендердің ажарын аша түсті.

Астанамыздың күннен-күнге қалай гүлденіп, құлпырып, мақтанышымызға айналғанына бәріміз де куәміз. Елордамызға қарап, облыс орталықтары да абаттандырылуда. Біз де қарап қалмай, аудан орталығы – Талшықты көркейтуге күш салу үстіндеміз.

Орталық көшелер түгелдей дерлік жарықтандырылды.

Жаңа тұрғын үйлердің дені халықтың өз қаржысына салынып жатыр. Сондай-ақ, жергілікті бюджет есебінен де пәтерлер салынуда. Талшықта 2006 жылы екі коммуналдық пәтер, 2009 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 54 млн 888 мың теңгеге жалпы алаңы 680 шаршы метрді құрайтын 8 пәтер пайдалануға берілді. Оның бесеуі бюджеттік сала қызметкерлерінің еншісіне тисе, үшеуі ауданымызға көшіп келген отандастарымыздың игілігіне бұйырды.

Бұрынғы білім бөлімінің бос тұрған ғимараты қайта жөндеуден өткізіліп, шағын жатақханаға айналдырылып, 9 жас отбасына пәтер кілттері тапсырылды.

2010 жылы Талшық аулының орталығындағы 22 гүлзар мен клумбаға 27 мың дана гүл көшеттері отырғызылып, Шығыс күнтізбесі бойынша 12 жылды еншілеген жануарлар бейнеленген шағын мүсіндер орнатылып, ерекше сән беріп тұр.

Соңғы жылдары барлық ауылдық округтерде елді мекендерді көркейтудің үш айлығы барысында қыруар істер тындырылып келеді. Әр елді мекендегі бұзылып, қираған



руашылық колледжінде білім алуға мүмкіндіктері бар. Қазіргі заманға сай осы оқу орны бүгінде еліміздің агроөнеркәсіптік кешені үшін 9 мамандық бойынша мамандар даярлау үстінде.

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары колледжді үш мыңнан астам мамандар: агрономдар, ветеринарлар, экономистер, есепшілер, дене шынықтыру мұғалімдері, заңгер-кеңесшілер, механиктер және т.б. тамамдап шықты.

Колледж түлектерінің арасында көптеген ғылым шараларының бастамашылары лып жүр.



Саламатты өмір салтын н хаттауға, жан-жақты дамыған т тәрбиелеу ісіне білім салась қызметкерлері зор үлес қосуда. мемлекетіміздің қалыптасу кезін уақытша экономикалық қиын, тарға қарамастан, ұстаздар қау өз істеріне адалдық танытып, ел лашағы үшін маңызды қызметт үзбей жалғастырып, көркеюші Қа станның бүгінгі құрылысшыла оқытып, тәрбиелеп келеді.

Өткен онжылдық білім сала жоғары ғылыми-техникалық жарақ-тандырумен, Ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізумен ерекшеленеді. Оқу орындарын компьютерлендіру, Интернетке қосу, интерактивтік тақталарды пайдалану және мультимедиалық кабинеттерді жабдықтау жұмыстары атқарылды. Бұл Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу кезінде оқушылардың жақсы нәтижеге қол жеткізуіне ықпалын тигізді. Соңғы екі жылда 12 түлек аудан мектептерін ерекше үлгідегі аттестатпен және "Алтын белгімен" тамамдады.

Сегіз жылдан бері Аяған Шәжімбаев атындағы Явленка орта мектебінің мұғалімдері 12 жылдық оқыту бағдарламасын енгізу жөніндегі эксперименттік білім беру жобасына қатысып келеді.

Мектепті аяқтаған соң оқушылардың Жәлел Қизатов атындағы Есіл ауылша-

кандидаттары мен докторлары, республикалық, облыстық және аудандық деңгейде әр жылдары басшылық қызметтер атқарған белгілі азаматтар бар. Олар – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің бұрынғы Төрағасы Бәйкен Әшімұлы Әшімов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләлов, Ресей генетика академиясының хатшысы, профессор Серікбай Кәрімұлы Әбілов, Парламент Сенатының депутаты Тасбай Қабышұлы Симамбаев, облыстық атқару комитететі төрағасының бұрынғы орынбасарлары Евгений Иванович Викторов, Владимир Кудратович Дремасов және Владимир Арсентьевич Савченко, Сібірдің және Қиыр Шығыстың ветеринария жөніндегі экперименттік ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, ғылым докторы Алек-







13927 адамды құрады, бұл 1999 жылмен салыстырғанда 14 пайызға көп.

Ауданымызда 31 ұлттың өкілдері өзара достық пен келісімде тұрып жатыр. Этносаралық қарым-қатынасты нығайтуға үш ұлттық-мәдени орталық жәрдемін тигізуде, олар – "Қазақ тілі" қоғамының аудандық ұйымы, славяндардың "Лад" қоғамы және "Дуслык" татар ұлттық-мәдени орталығы. Жергілікті мұсылман мешіті мен "Храм Иконы Казанской Божьей Матери" шіркеуі де әрдайым дінаралық түсінушілікті уағыздауда.

Мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясы кеңейе түсуде. Соның нәтижесінде балаларын ана тілінде оқытуды ұйғарған ата-аналар өтінішімен 2009 жылы Мамлютка қаласында 400 оқушыға арналған, 200 орындық жатын корпусы бар қазақ мектеп-интернаты ашылды. Ол заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Көршілес ауылдардан келіп оқитын шәкірттер үшін барынша қолайлы жағдай туғызылған.

Қазақ тілін жалпы білім беретін мектептерде және әртүрлі ұйымдарда оқытумен қатар, оған 2008 жылдың 10 қазанынан бастап шығарылып келе жатқан аудандық басылым "Солтүстік жұлдызы" газеті де игі әсерін тигізуде.

Тәуелсіздік жылдары мамлюттіктердің өмірінің барлық салаларында болған оң өзгерістер келешекке нық сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

үйлердің орны тазаланып, тәртіпке келтірілді.

Аудан орталығының көркін аша түсу үшін Белгісіз жауынгер ескерткіші күрделі жөндеуден өткізіліп, Тәуелсіздік алаңы, көрнекті мемлекет қайраткері Смағұл Садуақасовтың мүсіні, атқа мінген сақ батырының ескерткіші орнатылған Тәуелсіздік аллеясы салынып, балалар алаңы мен субұрқақ ашылды.

Өткен күзде Талшықтағы Тәуелсіздік алаңына Астана қаласынан әкелінген 180 түп пирамидалық терек көшеттері егілді. Күнделікті бақылаудың нәтижесінде барлығы да жерсініп кетті. Биылғы жылы қолда бар мүмкіндіктерді толық пайдалана отырып, әр ауылды көркейте түсетін боламыз.

Ауданның мәдениет саласы да үнемі даму үстінде. 2008-2009 жылдары аудандық Мәдениет үйіне 16 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, былтырғы жылы "Жол картасы" бағдарламасы бойынша 11 млн теңге бюджет қаражатына Кеңащы ауылдық клубы қайта жөнделіп, халық игілігіне берілді. Соңғы бес жылдың ішінде аудандағы мәдениет нысандары 4 есеге көбейіп, бүгінде аудан бойынша 18 клуб (оның 13-і мемлекеттік, 4-уі жеке меншік), 13 мемлекеттік кітапхана жұмыс жасауда. Сонымен қатар барлық білім мекемелерінде кітапханалар жұмыс істейді.

Өткен жылы Ақжар өңірінде кіндік қаны тамған алаштың ардақты перзенті Смағұл Садуақасұлының 110 жылдығы аталып өтті. Осы шараға байланысты Талшық ауылында аудандық конференция ұйымдастырылып, аудан орталығында жаңадан құрылған өлкетану мұражайына барша ақжарлықтар айрықша мақтан тұтатын атақты жерлесіміздің есімі берілді.

Біз, ақжарлықтар, Тәуелсіздіктің 20 жылында жеткен табыстарымызды одан әрі молайта түсу үшін барлық күш-қуатымыз пен кәсіби тәжірибемізді аянбай жұмсайтын боламыз.





ЕСІЛ БОЙЫНДАҒЫ ӨРКЕНДІ ӨЗГЕРІСТЕР

Асқар БЕГМАНОВ,
Есіл ауданының әкімі



Тәуелсіздік. Бұл сөз өзінің жаңа тарихын, жаңа тағдырын бастаған Қазақстан халқының жетістігі мен жеңісінің, кең-байтық қазақ даласының жаңаруының символына айналды.

Осы жылдары Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дана басшылығымен ел өмірінің барлық салаларында қайта жаңарту жүргізілді. Қазір біз қайда көз жіберсек те, көңілімізге тағылымды ой түйіп, есімізге алатын және таң қалып, қуанатын жайттар көп.

1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысының Москва және Ленин аудандары қосылып, Есіл өзенінің табиғаты көркем өңіріне Есіл ауданы атауы берілді.

Артта қалған кезең қиын экономикалық жағдайларға қарамастан, ауданның қазіргі бейнесін қалыптастырған ілгері даму жылдары болды. Мемлекетіміздің қуатты қолдауының арқасында өңіріміз дамыған инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы ауданға айналды. Жаңа жолдар мен су құбырлары салынды. Әр жылдары өндіріс нысандары ашылып, дүкендер мен халыққа қызмет көрсету орындарының қатары көбейді.

449,6 мың гектар алқапты құрайтын ауыл шаруашылық маңыздағы құнарлы жерлерде қазір 98 агроқұрылым жұмыс істейді. Өткен ғасырдың 90-жылдары құрылған "Заградовское", "Атамекен-Агро-Есіл", "Ильинское", "Агрохимснаб", "Пушкинское", "Азия-Торанғұл" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен тағы басқа шаруашылықтар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып, бүгінгі күнде жетекші ауыл шаруашылық кәсіпорындарына айналды.

Есіл бойындағы жайқалған жайылымдар мен масатыдай шабындықтар тыңайтқыштар сіңіру және көп жылдық шөптерді егу есебінен өзінің шұрайлылығын сақтап қалды. Бұл мал шаруашылығын дамытуға септігін тигізуде.

Ауданда 15 мал шаруашылық фермасы жұмыс істейді. Олардың ішінде "Заградовское", "Ильинское", "Столыпинское" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері ірі қара өсіру жөнінде асыл тұқымды шаруашылық дәрежесін иеленсе, 2010 жылы "Бесқұдық" ЖШС еділбай тұқымды қой өсіруде осындай дәрежені иеленді.

1990-шы жылдардағы қиын экономикалық жағдайларға қарамастан, елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға айрықша көңіл бөлінді. Мысалы, 1998 жылы ауданды 8 наубайхана нанмен жабдықтаса, 2010 жылы олардың саны 25-ке жетті. Дүкендердің саны 1990 жылға дейін 146-ны құраса, қазіргі уақытта 236 болып отыр. Ауданымызда өсімдік майын және ірімшік, шұжық өндіру цехтары, сүтті қайта өңдеу цехы жұмыс істейді. Диірмендердің қатары да көбейіп келеді, бүгіндері олардың саны –19. Өткен жылдың басында өндірістік қуаттылығы 120 тонна ұн беретін "Егін" ЖШС диірмен-қайта өңдеу кешені пайдалануға берілді. Италиялық технология бойынша макарон дайындау цехын іске қосу да жоспарда бар.

ТЫҢГЕРЛЕР ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЖАРАСЫМДЫ ЖАЛҒАСЫ



Қайрат ҚАСЕНОВ,
Тимирязев ауданының әкімі

Жасампаздықтың жарқын белесі болып отырған Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы ел өміріндегі айтулы оқиға ретінде біздің іс-қимылымызға ерекше серпіліс беріп, рухани күш-жігерімізді арттыра түкені анық. Осынау үлкен мереке жақындаған сайын әр азамат туған еліміздің дамып-өркендеуіне қандай үлес қоса алдым деп толғануы орынды. Бұл орайда тың даланы түлеткен Тимирязев ауданы еңбекқерлерінің де атқарған игі істері аз емес.

Ауданымызда бүгінгі таңда 288 агроқұрылым, соның ішінде 21 ЖШС, 259 шаруа-фермерлік қожалығы ауыл шаруашылығы саласы алдындағы міндеттерді жүзеге асырып келеді. "Тимирязев" және "Ақсуат" элеваторлары астық қабылдап, сақтауда тауарөндірушілерге қолайлы қызмет көрсетеді.

Егіс алқаптарының көлемі 1991 жылы 184,3 мың гектар болса, 2010 жылы 221,2 мың гектар жерді алды. 2004 жылдан бастап тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс алқаптары 40,6 мың гектарға кеңейтіліп, оның 92 пайызына дәнді дақылдар орналастырылды.

Бүгінде біздің аграршыларымыз өздеріне сенімді. Ауданымыз мемлекеттің зор қолдау көрсетуінің және осызаманғы технологияларды енгізудің арқасында былтырғы қуаңшылыққа қарамастан, гектар басы 8 центнерден өнім алып, 177,0 мың тонна астық жинады. Ал "ҚазАстықӨнімдері" және "Ишимское" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері сияқты топжарғандарымыз гектарынан тиісінше 15 және 11 центнерден өнім алды.

Мемлекет қолдауы ауданда мал шаруашылығын дамытуға да соны серпін берді. Асыл тұқымды мал басын қалпына келтіру міндеті жүзеге асырылуда, элиталық тұқымды қой, жылқы, ірі қара әкелініп, өсірілуде.

Ауданда өнеркәсіп саласы да даму үстінде. Тұрғындардың ұнға, нанға және нан-тоқаш өнімдеріне сұраныстарын қанағаттандырумен және оларға басқа да қызмет түрлерін көрсетумен 6 диірмен мен 18 шағын наубайхана, макарон және мал сою цехтары айналысады. Ауданда тағам өнімдерін өндіру көлемінің артып отырғаны байқалады.1998 жылы 603 тонна ұн өндірілсе, 2004 жылы 2250 тонна, 2009 жылы 12226 тонна, ал 2010 жылы 19 мың тоннадан аса ұн үктірілді.

Аудан аумағында 7 заңды және жеке тұлға ағаш өңдеумен, сондай-ақ ағаштан жасалған бұйымдар өндірумен айналысады. Жеке кәсіпкер "Филинов Е.М." жиһаз жасаса, жеке кәсіпкер "Беккер Т.Г." және 9-жылжымалы механикаландырылған колонна ағаш өнімдерін шығарады.

Е. Райымқұлов басқаратын аудандық телекоммуникациялар торабы елді мекендерді телефон байланысымен толық қамтамасыз етті. 2008 жылы Дмитриев ауылдық округінің Ынтымақ ауылы SDMA сымсыз телефон байланысына қосылды.

Көптеген жылдар бойы жөнді күтім көрмей, аудан тұрғындарының басты мұқтаждығына айналған облыстық маңыздағы Во-

сандр Семенович Донченко және басқалар.

Ал Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовты ерекше мақтан тұтамыз. Өткен 2010 жылы оның 90 жылдық мерейтойы аталып өтілді.

Соғыс ардагерлерінің қатары жыл санап сиреп келеді. Бірақ өмірден озғандардың жарқын бейнелері кейінгі ұрпақ жүрегінде мәңгілік сақталып қала бермек. Явленка ауылының орталық бағында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай біздің даңқты жерлестеріміз – Кеңес Одағының Батырларының аллеясы ашылды.

Ауданда соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, майданда қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне материалдық көмектер көрсетіліп, үйлері мен аулаларын жөндеуге жәрдем берілуде. Олар мерекелік іс-шараларға, әр түрлі кездесулерге құрметті қонақтар ретінде қатысып, жас ұрпақты өз Отанын сүюге, білім алуға ұмтылуға, халықтың басты байлығы – бейбітшілік пен келісімді сақтауға шақырады.

Тәуелсіздік жылдарында мәдениет саласында да оң өзгерістер жасалды. 1997 жылдан бастап Явленкада 2 этномәдени орталық жұмыс істеуде. Олар – славяндық "Звонница" және "Жерлес" қазақ ұлттық-мәдени орталықтары. 2009 жылы Корнеевка ауылында "Минтанайдер" неміс ұлттық-мәдени орталығы және Өрнек ауылында "Атамекен" қазақ ұлттық-мәдени орталығы ашылды, ал ардагерлердің "Отрада" вокалдық тобы халықтық ансамбль атағын алды.

Бейнелеу және қолданбалы өнер шеберлері де Есіл өңірінің атағын шығарып жүр. Өткен жылғы Тәуелсіздік күні қарсаңында жергілікті суретші В.Б. Смирновтың картиналар галереясы ашылды. Оның шығармашылығында туған өлкенің қайталанбас көркі бейнеленген.

Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне бай ауданымыз өзінің қорықтарымен де танымал. Олардың ішіндегі жалпы алаңы 74 мың гектарды қамтыған "Красный бор" қорығында Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген қабандар, бұландар, еліктер және тағы да басқа жануарлар бар. Адамдар осынау табиғаты тамаша жерде тіршілік етіп жатқан жануарларға қамқоршы болып, олардың қауіпсіз өмір сүруіне жағдай туғызып отыр.

Біздің көздің қарашығындай сақтай білген құндылықтарымыздың бәрі де – ортақ мақтанышымыз. Ал біз жасаған және әлі де жасап, өз ұрпақтарымызға мұра етіп қалдыратын игіліктердің бәрі де тәуелсіз еліміздің тарихының еншісіне айналады.



Есіл ауданы кәсіпкерлерінің белсенді ұстанымдары олардың шағын және орта бизнес нысандары арасында өткізіліп жүрген байқауларға ұдайы қатысатындығынан анық байқалады. "Заградовское" ЖШС басшысы И.Ф. Фисенко ауданның ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан ерен еңбегі үшін "Жыл адамы – 2007" атағын алды.

2009 жылы "Ең жақсы әйел-кәсіпкер" байқауына біздің ауданнан қатысқан Е.М. Ошмарина, ал ауыл шаруашылығы жөніндегі байқаудан "Табыс-Агро" ЖШС директоры Н.Е. Молдахметов облыс бойынша жеңімпаз атанды.

"Парыз" бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі республикалық байқау қорытындысы бойынша "Ең жақсы әлеуметтік-жауапты кәсіпорын – 2010" аталымында "Ильинское" ЖШС директоры А.В.Бурлев дипломмен марапатталды.

Қазіргі таңда ауданда 900-ден астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өз жұмыстарын жүргізуде.

Шағын бизнестің белсенді кәсіпорындарының 30 пайызы саудамен және ауыл шаруашылығымен айналысады, 25 пайызы тұрғындарға қызмет көрсетумен және 15 пайызы өнеркәсіп өндірісімен шұғылданады.

Шағын және орта бизнес аудан экономикасын дамытуда басымдылыққа ие болды деп нық сеніммен айтуға болады.

Еңбек адамдары – Есіл өңірінің ең басты байлығы. Олардың қажырлы еңбектерінің арқасында ауданымыздың барлық саласы жылдан-жылға дамып, өркендеп келеді.

Медициналық қызметтің бәсекелестік ортасын қалыптастыру, науқастардың дәрігер мен медицина ұйымын еркін таңдауы мақсатында 2010 жылдан бастап денсаулық сақтаудың Бірыңғай ұлттық жүйесі енгізілді. Ауданның медициналық мекемелері қазіргі заманғы құралдармен жабдықталған. Өкпені жасанды желдету аппаратын, интенсивті емдеу инкубаторын қолдану ауыр сырқаттарды емдеуде оң нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Орталық аудандық ауруханада телемедицина кабинеті ашылып, бейнеконференциялар өткізіліп тұрады. Бұл туралы өткен онжылдықта біздің дәрігерлеріміздің армандауы да мүмкін емес еді.

Ауданымызда саламатты өмір салтын қалыптастыруға және тұрғындардың көпшілігін дене шынықтырумен, спортпен айналысуға тартуға бағытталған шаралар атқарылып келеді. Ауылдық округтерде нұсқаушы-әдіскерлер жұмыс істейді. Олар мектеп оқушыларының, ата-аналардың және жастардың қатысуымен көпшілік спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда. Бүгінгі таңда біздің ауданда 7 мыңнан астам адам спортпен жүйелі түрде айналысып жүр.

Соңғы жылдардың өзінде ғана 40-тан астам спорттық құрылымдар салынып, ескілері жаңартылды, орта мектептердің жанынан жаттығу залдары ашылды. Мұның бәрі де спорттық шеберліктің дамуына да ықпалын тигізбей қоймайды. Біздің спортшыларымыз Қызылжар өңірінде өткізілген алуан жарыстарда ауданымыздың намысын қорғап, бірнеше рет облыс чемпиондары атанды. Әсіресе, Явленка ауылының жаңартылған орталық стадионында өткен "Ақ бидай – 2010" облыстық спартакиадасында есілдіктер командасы жарқын жеңіске жеткенін мақтан тұтамыз.

Шаңғы спортының шебері, жеңіл атлетикадан спорт шеберлігіне кандидат, мүгедек-спортшы Қ.Қанафиннің жеке жетістіктері ерлікке тең. Ол өзінің өмірге құштарлығы мен биіктерге самғауға ұмтылысының арқасында мүгедектер арасындағы көптеген республикалық және облыстық жарыстарда жеңіске жетіп, жүлделі орындарды иеленді. Осындай аңызға айналған тұлғалар өскелең ұрпақ үшін ерлік пен қайсарлықтың, ерік-жігер күштілігінің өнегесі болып саналады.

Қазірдің өзінде волейболдан облыс құрама командасының қатарында өнер көрсетіп, "Ақ бидай – 2009" республикалық спорттық ойындарында жеңімпаз атанған біздің жас волейболшыларымыз болашағынан үлкен үміт күттіреді. Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі және балалар мен жасөспірімдер клубы спортшыларды дайындау жұмыстарын үнемі жүргізуде. Олардың біліктілігі жоғары жаттықтырушылары көптеген атақты спорт шеберлерін даярлап шығарды.

Аға буын өкілдері де саламатты өмір салтын орнықтыруға күш салып, бірнеше жылдан бері денешынықтырумен айналысып келеді және өз қатарларына жастарды да тарту үстінде. Ардагерлер қозғалысының көшбасшылары В.И. Редькина, С.М. Қойшыбекова, В.Д. Лесик денсаулықты нығайту іс-

лошинка-Сергеевка-Тимирязево жолы облыс әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләловтің тікелей қолдауымен бюджеттен бөлінген 155 миллион теңгеге жөндеуден өткізілді. Бүгінде елді мекендер тұрғындары облыс орталығына жеңіл таксилермен, 3 автобуспен және 3 шағын автобуспен қатынайды. Аудан ішінде 3 автобус жүріп-тұрады.

Бизнес өкілдерімен ынтымақтаспайынша, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жүзеге асыру оңайға соқпайтыны мәлім. "Атамекен-Агро Тимирязево" (Қ .Сапулатов), "Москворецкое" (Б.Дүйсембаев), "Сағат СК" (С.Жүкеев) ЖШС-тері және басқалар жергілікті атқарушы билікпен әлеуметтік әріптестіктің үлгісін көрсетуде.

"Атамекен-Агро Тимирязево" ірі астық өндірушілердің бірі болып табылады. Оның күтіміндегі алқаптар ауданның жалпы егістік көлемінің 30 пайызын құрайды. Бұл компания 2009 жылы Докучаев ауылында осызаманғы талаптарға сай сәулетті, тамаша кітапханасы, дәмханасы, кондитер цехы бар "Мерей" мәдени-демалыс орталығын өз күшімен ашты. 2010 жылы ауылда жақсы спорт нысаны – "Болашақ" стадионын салды. Сондай-ақ астық сақтайтын шағын элеваторды, моншаны, "Кимбрия" тұқым тазарту желісін, машина-трактор шеберханасын, орталық қырман таразысын, улыхимикаттар, астық сақтау қоймаларын қатарға қосты, өткен жылы өз жұмысшыларына жатақхана тұрғызып берді.

"Москворецкое" ЖШС – жоғары егіншілік мәдениетін қалыптастырған шаруашылық. Ол бір ауысымда 2 мың тонна ұн үгетін диірмен, макарон цехын, наубайхана (нанның бір бөлкесі 30 теңге тұрады) салды. 2005 жылы екі топта 24 балдырған қамтылатын шағын орталық ашса, келесі жылы дәрігерлік қосынды пайдалануға берді.

